

Қ. Мирахмедов, Б.Каримов, И.Нуруллаев

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

6-сыныпқа арналған оқулық

*Ўзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*

Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі
Ташкент – 2017

UO‘K 741(075)
КБК 74.268.51

*Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары
есебінен басылды.*

М. Толипова – Республикалық Білім орталығы “Музыка, өнер, еңбек тәрбиесі, физикалық кемелдік және денсаулық” бөлімінің бас әдіскері;

З. Хошимова – Алмазар ауданындағы №16 мектептің бейнелеу өнері және сызу пәнінің оқытушысы;

Г. Нарзуллаева – Юнусабад ауданындағы №150 мектептің бейнелеу өнері және сызу пәні оқытушысы.

Mirahmedov, Q.

Tasviriy san’at. 6-sinf uchun darslik / Q. Mirahmedov. Toshkent G‘afur G‘ulom nomidagi nashriyot-matbaa ijodiy uyi, 2017, – 120 b.

UO‘K 741(075)
КБК 74.268.51

ISBN 978-9943-4798-4-5

© Қудрат Мирахмедов және басқ.
© Гафур Ғұлам атындағы бас-
па-полиграфия шығармашылық
үйі, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқулық жалпы білім беретін мектептердің 6-сыныбына арналған. Ол Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі бекіткен Мемлекеттік білім стандарты және оқу бағдарламасы негізінде жазылды. Бүгінгі таңға дейін 6-сыныптар үшін жалпы білім беретін мектептерде Мемлекеттік білім стандарттары негізіндегі бейнелеу өнері оқулығының болмауы оқушыларға біраз қиындықтар туғызып, бос кеңістік жасап келді. Бейнелеу өнері пәнінің оқытушылары көптеген жылдар бойы оқу жоспары негізіндегі сабақ тақырыптарын қосымша әдебиеттерді пайдаланумен ғана жүргізді. Жаңа оқулықтың дүниеге келуі бұл пәнді оқытуда төмендегідей бірнеше проблемаларды шешуге көмектеседі:

1. Ұзақ жылдар барысында бейнелеу өнері пәнін меңгеруде пайда болған бастық толтырылады.

2. Бұдан былай пән оқытушылары үшін 6-сыныптың оқушыларына төрт тоқсанға арналған тақырыптарды ойдағыдай және терең үйретуге мүмкіндік туғызылады.

3. Бейнелеу өнері пәнін оқытуда сабақтың мазмұнын сапалық тұрғыдан жаңа сатыға көтеруге қол жеткізіледі.

Оқулықтың әдістемелік қолданбасында мұғалімдер үшін 45 минуттық сабақты ұтымды бөлу, сабақ бөліктерін өнімді пайдалану секілді әдістемелер мен ұсыныстар берілген. Сонымен қатар топтарға бөлініп жұмыс істеу, түрлі интербелсенді сабақ технологияларын пайдалану әдістері ұсынылған. Оқытушы кейде сабақты дәстүрлі емес ойындар түрінде ұйымдастырып, шығармашылық тұрғыдан

дайындауы да мүмкін. Бірақ МБС-та белгіленген, оқушылар меңгеруге міндетті ВМК-лерді назардан тыс қалдырмау керек.

4. Оқулықтағы тақырыптар оқушыларға жалпылама және тыңғылықты білім беруге бағытталған. Оқушыларт әр тоқсанның басында негізінен теориялық білімдерді игереді. Ал тоқсан барысында сан түрлі тақырыптар бойынша практикалық жұмыс жүргізудің біліктері мен заң-ережелерін, шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеу әдістерін, түрлі терминдер мен сөз тіркестерінің мән-жайын біліп алады. Оқулықтың әдістемелік қолданбасында оқушылар үшін сұхбат дәптерін арнау қажеттігі атап көрсетілген. Оқулықтың тағы бір абзал қасиеті – оқушылар басқа пәндердегі сияқты оқулықты оқып-үйренеді, сондай-ақ оқулықтан тиісті мәтінді көшіріп алудың практикалық жаттығуларын орындайды.

Қадірлі оқушы! Сен 6-сыныптың “Бейнелеу өнері” оқулығынан 5-сыныпта алған білім-дағдыларыңды одан әрі байытып, адамның тұлғасын сызудағы классикалық және заманалық әлем суретшілерінің тәжірибесі жөнінде мәліметтер алып:

- адам тұлғасының өзара қатынас өлшемдерін;
- адамның қозғалыс үстіндегі түрлі қалып-күйлерін лайдың және ермексаздың (пластилиннің) көмегімен жасауды;
- Шығыс өнері, Шығыстық миниатюра өнерінің тарихы мен мектептері туралы мәліметтерді;
- бейнелеу өнерінің станок түсбейнесі жөніндегі ұғымдарды;
- бейнелеу өнерінің портрет жанры хақында теориялық және практикалық білімдеріңді байытып отырасың.

I ТОҚСАН

Қадірлі оқушы! Сен бұл тоқсанда:

- адам түр-тұлғасының өзара қатынас өлшемдерін;
- адам түр-тұлғасының қозғалыс үстіндегі түрлі күйлерін саздың және ермексаздың (пластилиннің) көмегімен қажет көлемде жасауды;
- жануарлардың бейнелерін қажет көлемде жасау және көлемдік композиция құрылысын үйренесің.

Сонымен қатар Өзбекстанның, әлемнің және Шығыстың мүсіншілігі, сәулеткерлігі мен қаламбейне өнері шығармаларының репродукцияларын көріп шабыттанасың. Қытай мен Еуропа суретшілерінің дымқыл қағазбен жұмыс істеу технологиясы бойынша сызуды, көркем безек графикасы бойынша композиция жасауды үйренесің.

ОРТА ҒАСЫРЛАР ӨНЕРİNДЕГІ ӘДІСТЕР МЕН БАҒЫТТАР

Орта ғасырлар өнері түрлі мемлекеттерде түрлі кезеңдерде басталып, одан әрі дамыған. Ол Еуропада IV ғасырда бастау алып, XIII–XIV ғасырларда Италияда қала-мемлекеттер пайда болған кезге дейін созылды. Ал Ежелгі Русь, Византия мемлекеттерінде бұл үдеріс VII–VIII ғасырларда басталып, XVII ғасырдың аяғына дейін созылды. Шығыс мемлекеттері Қытай мен Үндістанда орта ғасырлар өнері едәуір ерте басталып, XIX ғасырда да жүріп жатты. Орта Азиядағы Орта ғасырлар өнері VII ғасырдан басталып, XVII ғасырға дейін жалғасты. Жалпы алғанда орта ғасырлар өнері әлем халықта-

ры ұлттық мәдениетінің гүлденіп-дамуындағы негізгі басқыш болып саналады. Осы кезеңнен бастап өзіндік ұлттық өнерлер қалыптасып, көптеген жергілікті мектептер пайда болды. Орта ғасырлардың өнер шығармаларында өмірдің әсемдігі жырланып, табиғаттың сұлулығы бейнеленді. Дүниеге келген бейнелеу өнері шығармаларында халықтың адамгершілік, рухани тазалық туралы арман-үміттері өз бейнесін тапты. Суретші үшін тек болмысты “өзіне ұқсатып қана емес”, бәлкім жасаған туындысы арқылы бірер пікірді баяндау, ішкі сезімді жарыққа шығару маңыздырақ болды. Орта ғасырлар өнерімен танысқанымызда, сәулеткерлік өнердің негізгі орынды иегенін көреміз. Еуропадағы ғибадатханалар, мұсылман қалаларындағы еңселі мешіттер, буддизм ескерткіштері осы күнге дейін көрген жанды еріксіз таңдай қақтырып келеді. Орта ғасыр өнерінде маңызды мәдениет ошақтарының бірі – Византия өнері болды. Бұл өнер IV ғасырдан бастау алып, VI–VII ғасырларда ерекше дамыды. Константинопольдағы София соборы (ғибадатханасы) өзіне тән конструктивті құрылысымен ерекшеленіп, Византия, грек және рим сәулеткерлік дәстүрлерінің жергілікті дәстүрлермен үндесуі нәтижесінде дүниеге келді. Византия сәулеткерлігінде бөлмелердің кең болуына айрықша назар аударылған. Бөлме ішінің кеңдігі, әшекей-өрнектерінің байлығы адамды таңдандыруға бағытталған еді. Византия бейнелеу өнерінде түсбейне жетекші орында тұрды. Иса, яғни Иисус образы, апостолдар, Биби Мариям және әулиелер бейнесі иконографиясы жаратылып, өзге жерлерге таратылды. Византия түсбейнесінің құнды үлгісі XII ғасырдың бірінші жартысында константинопольдық шебердің қолынан шыққан “Владимир Биби Мариямы” иконасы болып



1-сурет. “Владимир Биби Мариямы” иконасы. Третьяков Мемлекеттік сурет галереясы. Москва.

табылады. Византия өнері әлем халықтарының өнері мен мәдениетінің дамуына елеулы ықпалын тигізді.

Х–ХІІ ғасырларда өнердің дамуы жаңа сатыға көтеріле бастады. Бұл даму сатысы роман ғасырының өнері деп аталады. *Роман сөзі латынша “римдікі” деген мағынаны білдіреді. Роман стилімен салынған ғимараттар аздап аласалау, көрінісі қатаң әрі ауыр, қабырғалары қалың әрі берік, есік, қақпа, терезелері еңсіз болып келеді. Ғимарат бағаналары дөрекі әрі жуан. Ішкі қабырғаларында тегіс беттердің көптігі еңселі түсбейнелер жасауға мүмкіндік туғызды. Сәулеткерлік өнері виртажбен және мүсіншілікпен байланысты түрде дамыды. Роман сәулеткерлігінің тағы бір ерекшелігі – ғимарат шатырының күмбез түрінде жабылып, онда шағын терезелердің орнатылуы болып табылады.*

ХІ ғасырда сәулеткерлік өнер өз дамуының ең шарықтау шыңына шықты.

Францияда роман стилімен салынған ғимараттар өзінің декоративтік ойма нақышымен, бөрттірілген бейнелерімен ерекшеленген болса, Германияда салынған ғимараттар ұлылығымен, куб-тәрізді анық пішіндерімен, алып мұнараларының көптігімен менмұндалап тұрды.

Италия сәулеткерлігінде стильдік ерекшеліктер біршама аз болғандықтан, Византия роман өнерінің ықпалы, ал басқа жерлерде роман өнері, ал үшінші бір орында антикалық дәстүрлер ықпалы айқын сезіліп тұрды. Роман сәулеткерлігінде қабырғалық суреттер,



2-ә сурет. Роман стиліндегі сәулеткерлік кешен.



2-а сурет. Пизани соборы. Роман стиліндегі ғимараттар ең үздік сәулеткерлік кешен болып саналады.

витраждар, көлемді декоративті мүсіншілік XII ғасырға дейін дамыды. Ал роман бейнелеу өнерінде қабырғалар мен шаңырақтарды жапқан түрлі түсті суреттер негізінен діни тақырыптарға арналғандығымен ерекшеленді. Франциядағы Сан-Савен шіркеуінде қолданылған “Михаилдің айдаһармен алысуы” картинасы француз роман өнеріне тән жақтарымен ерекшеленеді. Роман мүсіншілік өнерінің гүлденген кезеңі XII ғасырдың аяғына тура келеді. Мүсіншілік тақырыбы “Иисусқа және оның шәкірттеріне”, яғни қолөнершілерге, диқандарға, актерларға арналғандықтан, онда негізінен рельефті әдіс қолданылған.




3-сурет. Милан қаласындағы готикалық стильмен салынған собор.

Еуропадағы XII–XV ғасырлар өнері “готикалық өнер” деп аталады. Готика – итальянша “готтардікі” деген мағынаны білдіреді. Готтар герман тайпаларының бірі болып саналады, олардың өнерінің ықпалы, дамуының жоғары дәрежесі өзге елдердің өнерлеріне де өз әсерін тигізген. Готика өнері XII ғасырдың екінші жартысында Францияда пайда болған. XII ғасырдан XV ғасырға дейін өмір сүрген готика өнері өзіне ғана тән әдістерімен ерекшеленіп, жоғары қарқынмен дамыды.

Готика стилімен құрылған ғимараттар роман стилімен салынған ғимараттардан үлкендігімен, айбаттылығымен, санқырлылығымен және жоғарыға ұмтылғыштығымен бөлектенеді. Готика соборларының мұнаралары өте маңызды рөл ойнаған, өйткені олар негізінен қаланы күзетіп тұратын сақшылар мен өрт сөндірушілерге арналған еді. Мұнараның ішкі бөлігі әтеши суретімен аяқталатын болған, бұл зеректік, сергектік мағынала-

рын білдірген. Готика сәулеткерлігінде найзатәрізді аркаларға елеулі орын берілген. Аркалардың сүйір ұшты болуы барлық нәрсенің аспанға, көк жүзіне қарай ұмтылатындығын бейнелейді. Мүсіншілік пен сәулеткерліктің декоративтік элементтері ғимараттың алдыңғы жағының одан әрі санқырлы, нәзік болуына қызмет етті. Ғимараттың ішкі қабырғаларында тегіс беттің аз болуы себепті готикада көлемді түсбейне әдісі дамыған жоқ. Ғимараттың терезелері витраждық композициялармен безендірілді. Жалпы алғанда готика сәулеткерлігі мүсіншілікпен тығыз байланыстылық нәтижесінде дамыды.



4-сурет. Реймс соборы.
Франция.

Роман сәулеткерлігінде мүсіншілік көбінесе бөртпе түрінде қолданылған болса, готика сәулеткерлігінде мүсіншілік көбінесе домалақ пішінді ескерткіш көрінісінде қолданылды.

Готика сәулеткерлігінің отаны болып саналатын Париж қаласындағы Бибі Мариям соборының құрылысы 1163–1314 жылдар арасында, яғни бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы жүргізілген алғашқы готика стиліндегі ғимарат болып саналады.

Нақ сол сияқты Реймстегі соборда 2000-нан артық домалақ пішінді ескерткіштер мен мүсіндер жасалды. Бұл собордың құрылысы XIII ғасырда басталып, XIV ғасырда аяқталған. Ғимараттың ұзындығы 150 метр, ал мұнараларының биіктігі 80 метр болған бұл нысан готика өнерінің ең дамыған кезінде көрініс тапты.



5-сурет. Витраж.

Готика бейнелеу өнерінде терезелердің үлкендігі витраж өнерінің дамуына себеп болды. Ал суретшілік миниатюра өнері ретінде XIII ғасырдан басталып, XV ғасырға дейін өмір сүрді. Готика миниатюраларында шонжарлар мен егінші-диқандардың өмірі, табиғат пейзаждары, жыл мезгілдеріне арналған шығармалар дүниеге келді. Готика мүсіншілігі жетекші өнер ретінде танылып, сәулеткерлікпен байланысты түрде, домалақ мүсіндер ретінде көрініс тапты.

VII-VIII ғасырларда дүниеге келген Орта Азия өнеріне орай Самарқандта, Бұхара мен Сұрхандарияда табылған қабырғалық суреттер, оймашылық, адам мен жануарлардың бөртпе бейнелері Орта Азияда жоғары сатыдағы мәдениет болғанын дәлелдейді. *IX – X ғасырларда Орта Азияның сәулеткерлік өнері жандана бастады, өте-мөте құнды жәдігерліктер пайда болды. Ғимарат салудың техникасы жетіле түсті. Күйдірілген кірпіш құрылыста кеңінен қолданылды. Ирек жиекті шатырлар мен күмбезді ғимараттардың құрылысы кең етек жайды. Аркалар (иіндер), жартылай аркалар, есік, терезе, текшелер мен сөрелер қолданысқа енді. IX ғасырда салынған Орта Азия сәулеткерлігінің ең құнды ескерткіші – Саманилер кесенесі болды. Сондықтан да ол әлемдік сәулеткерлік өнерінің тамаша жетістігі болып саналады. Кесененің іргетасы квадрат, яғни шаршы түрінде қаланған, төрт жағында да найзатәрізді аркалы (иінді) есіктер бар. Кесене сыртқы жағынан төбесіне қарай тарылып барады да, үстіне орнатылған күмбез жарты шеңбер түріндегі қазанды елестетеді. Ғимараттың сыртқы қабырғасының бетіне күйдірілген кірпіш қаланып, әдемі көркемдендірілген. Кірпіштің тамаша қаланғандығы соншалық, ол кесенеге ерекше әрі қайталанбас көрік қосып тұр. XI–XII ғасырларда Орта Азияда негізі шаршы түрінде қаланған кіреберіс күмбезді кесенелер құрылысы кең етек жайды. Сондай-ақ ғимараттардың кіреберістері оймашылық өнердің өрнек-нақыштарымен безендірілді. Сәулеткерліктің мұнара-*


лын құрылысы барынша кең қанат жайды. Орта Азияда салынған ең биік мұнара – Бұхара қаласындағы Калон мешітінің мұнарасы (биіктігі 50 метр) болып табылады. Сонымен қатар Сұрхандариядағы Жарқорған мұнарасы да әсемдігімен, қайталанбас ерекшеліктерімен құнды жәдігерліктер қатарынан орын алды. Бұл ескерткіштерге ғажайып көрік беріп тұрған нақыштар кірпіш қалау әдісінің көмегімен жүзеге асырылды. Әмір Темір және Темурилер заманында орта ғасыр өнері мен мәдениеті ерекше гүлденген кезеңін бастан өткерді. Бұл кезеңде көптеген зәулім де көрікті ғимараттар дүниеге келді. Әдістемелік, суретшілік және қолданбалы безек өнерлері каллиграфиялық көркем жазумен байытылып, жоғары талғамды көркем-эстетикалық маңызға ие болды.

Орта Азия сәулеткерлігінің інжу-маржаны болып саналатын Темурилер кесенесі сегіз қырлы іргетастың үстіне құрылған, ол цилиндрлі барабаннан, бірнеше қырлы көгілдір күмбезден тұрады. Ғимараттың іші оймалы және түрлі түсті нақыш-өрнектермен безендірілген. Қабырғалары мәрмәрмен әшекейленген. Әмір Темір және Темурилер заманының сәулеткерлігін “Шахизинда” сәулеткерлік кешенінсіз елестетуге болмайды. “Шахизинда” (тірі шах деген мағынаны білдіреді) XIV – XV ғасырлардың бірінші жартысында салынған ескерткіштерден құралған. “Шахизинданы” 1434–1435 жылдарда Мырза Ұлықбек салдырған. Ансамбльдегі кесенелер түрлі кезеңдерде салынған болса да, бірыңғай сәулеткерлік композициясы ретінде қабылданады. Ансамбльдің кіреберісіне таяу жерде XV ғасырдың қос кесенесі орналасқан. Бір-біріне жақын тұрған бұл кесенелерді XIV ғасырдың 70–80-жылдарында Әмір Темір салдырған. Ансамбльдің соңында Темурилерге дейін құрылған кесенелер және Қусам ибн Аббас кесенесі орналасқан. “Шахизинда” ансамблін XIV ғасырдың орта шенінде салынған Қожа Ахмад кесенесі қорытындылайды.

Орта Азияда X ғасырға дейін-ақ кітапты көркем безендіру, оның беттеріне миниатюралар салу өнерінің дәстерге айналғаны жазба де-

рекреациялардан анықталған. Орта Азия бейнелеу өнері XIII ғасырдың соңында бастау алып, XV ғасырда айрықша дамыған. Қабырғалық суреттердің қалдықтары, миниатюралар, түпнұсқа қолжазба шығармалар бізге дейін жетіп келген. Сол замандардағы жазба дереккөздер Темір және Темурилер кезеңінде сурет салудың өркендегенін атап көрсетеді. Самарқанд қаласына жақын жердегі Әмір Темір салдырған сарайдың қабырғаларына сайыпқыранның ерлігін мадақтайтын батал жанрындағы композициялар жасалғандығы, Ұлықбек салдырған обсерваторияның қабырғалары табиғат пейзаждарымен безендірілгені жайында жазба мәліметтер бар.

Орта Азия бейнелеу өнерінде кітапты безендіру, көркем жазу, миниатюра өнерлері өзіндік тартымдылығымен ерекшеленіп тұрады.



6-сурет. Бұхарадағы
“Саманилер кесенесі”.
IX ғасырда салынған.



7-сурет.
Сұрхандариядағы
“Жарқорған мұнарасы”.



9-сурет. Самарқандтағы
“Шахизинда” сәулеткерлік
кешені.



8-сурет.
Самарқандтағы
“Гөр Әмір”
кесенесі.

1-практикалық сабақ

Практикалық сабақ үдерісінде суретші шығармаларын көркемдік тұрғыдан талда.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Орта ғасырлар өнері Еуропада қайсы ғасырларды қамтиды?
2. Роман өнері нешінші ғасырда дамыды? Роман сөзінің мағынасын білесің бе?
3. Роман стилімен салынған ғимараттардың көрінісін сипаттап бере аласың ба?
4. Готика өнері қашан, қай жерде пайда болды және қай ғасырға дейін созылды?
5. Готика сөзінің мағынасын білесің бе?
6. Готика стилімен салынған ғимараттардың көрінісін сипаттай аласың ба?
7. Орта Азияның IX ғасырда салынған ең құнды ескерткіші қалай аталады? Оның көрінісін сипаттай аласың ба?
8. “Шахизинда” сәулеткерлік ансамблі туралы не білесің?

Үйге тапсырма:


Сұхбат сабағына арналған дәптеріңе оқулықтан роман, готика, Орта Азия сәулеткерлігінің өзіндік стильдерін жазып қой.

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ЖАПОНИЯ СУРЕТШІЛЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСІ. ДЫМҚЫЛ ҚАҒАЗҒА КОМПОЗИЦИЯ (ПЕЙЗАЖ, АҒАШ БҰТАҒЫ, ГҮЛ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР) ЖАСАУ

УІІ ғасырдан ХІІІ ғасырға дейін Қытайда орта ғасырдың ең ірі мемлекеттері – Тан және Сун империялары пайда болды. Бұл кезеңде қалалар гүлденіп, қолөнершілік пен мәдениет орталықтарына айнал-

ды. Қытай өнері жоғары кемелдікке қол жеткізіп, станок суретшілігі жетекші орынға шықты. Тан және Сун суретшілік өнерінде адамның табиғат сұлулығына шексіз өз бейнесін тапты. Қытай өнеріндегі “Түл және құстар” жанры перделерге, желпуіштер мен басқа да бұйымдарға суреттер салуды өнер дәрежесіне көтерді.

Тан ғасырында қабырғалық сурет өнері дамыды. Будда ғибадатханалары мен сарайлары қабырғалық суреттермен безендірілді. Бұл кезеңнің суретшілері пейзаж жанрында жұмыс істеп, туындыларында асқар таулар мен құзар шоқыларды, мүлгіген ормандарды бейнеледі. Бұндай пейзаж өнері Сун ғасырында одан әрі байытылды. Сун кезеңінің пейзажист суретшілерінің бірі Го Си (1020–1090 жж.) өз еңбектерінде табиғатты терең зерттеу негізінде шығарма жарату керектігін, өткеннің дәстүрлерін жақсы білгенде ғана суретші өз стилін жарата алатынын дәлелдеді.



*10-сурет. Го Си. “Сары өзен аңғарындағы күз”.
XI ғасыр. Фирр галереясы. Вашингтон.*

Го Си “Күзгі тұман” шығармасында ауа перспективасын пайдаланып, тұман ішіндегі шексіз ұлы табиғаттың образын жасады. Суретші шығармадағы бірінші планды қанық бояулармен салып (ағаштар мен лашықтар), кейінгі пландағы заттарды жеңіл бейнелеп, табиғаттың шексіздігі мен ұлылығын паш етті.


Сун ғасырының әйгілі суретшілерінің бірі Ма Юань (1190–1279 жж.) өз пейзаждарында санаулы ғана образдар мен заттарды пайдаланған. Суретшінің “Ғалым мен шәкірт тау бөктерінде” шығармасында ғалым мен оның шәкірті ұлан-байтақ кеңістікте жападан-жалғыз қалғандай етіп бейнеленеді. Жеңіл тұман тұмшалаған көл жағалауында ағаш пен көл көрінбей тұрғандай. Қылқалам шебері сызықтардың көмегімен бұл көріністі әсерлі суреттейді.



11-сурет. Цзян Шилун.
“Дала гүлдері”. Акварель.



12-сурет. Го Си. “Сары өзен
аңғарындағы күз”. XI ғасыр. Фрир
галереясы. Вашингтон.



13-сурет. Ма Юань. “Ғалым мен
шәкірт тау бөктерінде”. XIII ғасыр.



14-сурет. Ма Юань. “Үйректер,
жартастар және мизьхуа”.
XIII ғасыр.

Жапон өнері



15-сурет. Фудзибара Таконобу (1142–1205). “Камакура экімі Минамото Йоритома” портрети.

Жапон суретшілік мектебі “Ямато-иенің” қалыптасуы Х ғасырға тура келеді.

Ямато-ие – “жапон суретшілігі” деген мағынаны білдіреді.

Ямато-иу суретшілері жыл мезгілдерінің пейзаждарын, кітапқа арналған иллюстарцияларды сызған. Бұған қосымша үй қабырғаларын безендіріп, перделерге суреттер салды. XIII–XIV ғасырларда портрет өнері дамыды. Портретші суретшілердің бірі Фудзибара Таконобу (1142–1205) сызған “Камакура экімі Минамото Йоритома” портрети әлемге әйгілі. Бертін келе жапон өнерінде пейзаж жанрында жұмыс істеу дами түсті.



16-сурет. Кацусика Хокусаи. “Канагаведегі алып толқын”. Укайо-ие мектебі. Хаги Урагами мұражайы.

Әсіресе XV ғасырдан кейін бұл жанрға кең жол ашылды.

Пейзаждар горизонталь және вертикаль жібек маталарға салынған. Қабырғалық суреттер үшін қанық жасыл немесе алтын зерлі фон алынып, оның үстінен жарқын бояулармен өң берілген. XVII ғасырға қарай демократиялық бағыттағы Укайо-ие мектебі қалыптасты. Бұл мектеп “Күнделікті өмір өнері” деген мағынаны ұстанды. Білікті жапон суретшілері өз туындыларында қарапайым халық ортасындағы күнделікті өмір қаһармандарының еңбегін, іс-әрекеттері мен сұлулығын жырлады.



17-сурет. Судзуки Харунобу. “Осиен шайханада”. Укайо-ие мектебі.. Токио Мемлекеттік мұражайы.

2-практикалық сабақ

Дымқыл қағазға композиция жасау

1. Қағазды сумен ылғалдап ал.
2. Салған пейзажындағы екінші және одан кейінгі пландағы ағаш, тау, бұлт және басқа нәрселерді қағаз кеппей тұрғанда жеңіл ашық түсті бояулармен бояп шық.
3. Бірінші пландағы нәрселерді қағаз кебе бастаған кезде қанық бояулармен боя.





Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Қытайдағы Тан және Сун мемлекеттері қай ғасырларда пайда болды және ол жерде қандай өнер түрлері дамыды?
2. Тан және Сун ғасырының суретшілері қай жанр бойынша шығармашылықпен айналысып, нелерді суреттеген?
3. Суретші Го Си “Күзгі тұман” атты туындысын қалай бейнелеген?
4. Ма Юань өз пейзаждарын қалай бейнелейді?
5. Жапон суретшілер мектебі “Ямато-ие” қай ғасырда қалыпта-сқан және ол қандай мағынаны білдіреді?
6. Ямато-ие мектебі нелердің кескінін бейнелеген?
7. Укайо-ие мектебі қандай бағытты ұстанды?


Үйге тапсырма:

Оқулықтан Қытай және Жапония суретшілерінің өзіндік стиль-дерін тауып, жазып қой және дымқыл қағазға пейзаж сызып кел.

ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ АДАМДЫ, СПОРТШЫ ТҰЛҒАСЫН ЖӘНЕ МҮСІНШІЛІК ӘДІСПЕН БЕЙНЕЛЕУ

Қозғалыс үстіндегі адамның тұлғасын бейнелеу үшін адам тұлғасының қандай өлшемдер негізінде бейнеленетіні туралы мәліметтерді біліп алып, үйренуіміз қажет болады.


Ежелгі Египет суретшілік мектебі адам тұлғасын бойымен бірдей етіп бейнелеудің өлшемі ретінде қолдың ортаңғы саусағын 19 рет өлшеу алу әдісіне сүйенген. Бұнда адам басының ұзындығы 3 ортаңғы саусақ ұзындығына тең болған.




18-сурет. Адам тұлғасын салу қатынастары.

1. Ежелгі Египетте жасалған адам тұлғасының салыстырмалы бейнесі.
2. Грецияда жасалған адам тұлғасының салыстырмалы бейнесі.
3. Лее Хаммонди салған адам тұлғасының салыстырмалы бейнесі.
4. Ресей мамандары жасаған адам тұлғасын салыстырмалы бейнелеу әдістері төмендегідей берілген.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы У ғасырда ертедегі грек мүсіншісі Поликлет адам тұлғасын бейнелеуде бөліктерге бөлу пропорциясы ретінде бастың өлшемін пайдаланғандығы жөніндегі мәліметтер бірқатар дереккөздерде келтіріледі. Бүгінгі таңда суретшілер үлкен адам тұлғасын бейнелеген кезде бастың өлшемін 8 есе белгілеу керектігін ескереді. Автор Лее Хаммондидің Америкада басылған Draw Fashion Models кітабында адамның тұлғасын бейнелеу үшін бастың өлшемі 8 есе алынғаны көрсетілуі бұған жарқын мысал бола алады.



19-сурет. Қытай суретшілері салған адам тұлғасының салыстырмалы бейнесі.



20-сурет. Қытайдың заманалық бейнелеу өнерінде адам тұлғасының салыстырмалы қатынастарын сызу әдістері.

Жоғарыдағы суретте бастың өлшемі 5 есе алынған. Мектеп жасындағы баланың түрлі қозғалыстар үстіндегі күйі берілген. Жоғарыда тілге алынған суретшілердің адам тұлғасын сызудағы өзіндік әдіс-стильдерін үйреніп, егер біз 6-сынып оқушысының тұлғасын сызатын болсақ, бас өлшемін 6 есе, ересек адамның тұлғасын сызбақшы болсақ, бас өлшемін 8 есе өлшеп алуымыз керек. Жоғарыдағы және төмендегі сызу заң-ережелеріне сүйене отырып, қозғалыстағы спортшының тұлғасын графикалық әдіспен сал!


3-практикалық сабақ



4-amaliy mashg'ulot

Қозғалыстағы спортшының мүсінін жасау

Спортшының тұлғасын лайдан немесе ермексаздан (пластилиннен) жасау үшін, ең алдымен сымнан қаңқа (каркас) дайындап, оны шағын тақтайдың үстіне орнатып алуға тиіспіз. Шағын тақтайға шеге қағып, оған сым каркасты нығайтып бекітеміз. Лайдан немесе ермексаздан спортшының дене мүшелерінің бөліктерін дайындап, каркас үстіне орнату барысында адам тұлғасын бейнелеудің заң-ережелеріне мойынсұна отырып, сымның ұзындығын бастың өлшеміне сәйкес 8 есе етіп аламыз.



Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Ежелгі Египет суретшілік мектебі адам тұлғасын бейнелеуде қандай әдіске сүйенген?
2. Ежелгі грек мүсіншісі Поликлет адам тұлғасын бейнелеуде қандай әдістерді қолданған?
3. Бүгінгі таңда ересек адамның тұлғасын бейнелеу үшін бастың өлшемі неше есе алынады?
4. 6-сынып оқушысының қозғалыс үстіндегі тұлғасын салу үшін бастың өлшемін неше есе бөлшектеу керек?

Үйге тапсырма: Қозғалыстағы спортшы суретін басқа вариант бойынша сызып, қозғалыстағы спортшының мүсінін жасап келу.

ОҚЫТУШЫЛАР МЕН ТӘЛІМГЕРЛЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ШАҚЫРУДЫ ДАЙЫНДАУ

1-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Ұлы бабамыз Әлішер Науаидың:

*“Хақ жолында кімде-кім саған үйретсе әріп шын жүректен,
Қайтармай болмас өтеуін оның жүз мыңдаған ізгі тілекпен”, –*

деген өлең жолдарында бізге тәлім мен тәрбиені үйрететін, әрқашан тура бағыт сілтейтін, бойымызға білім нұрын құйып, жанымызды жадырататын ұстаз атты ұлы адам ескерілген. Халқымыз-


да “Ўстаз экеңнен де ўлы” деген тамаша нақыл бар, ол ўстаздар мен тәлімгерлердің еңбегі аса жауапты да абыройлы екенін айқын аңғартады. Елімізде оқытушылар мен тәлімгер ұстаздардың еңбектері қадірленіп, 1997 жылдан бері 1 қазанда “Оқытушылар мен тәлімгерлер күні” жапыхалықтық мейрам ретінде атап өтілетін болды. Бүгін біз сол қастерлі мерекеге арнап құттықтау дайындаймыз. Құттықтаулар той-мерекелерге арналғандай етіп алуан түрлі пішіндер мен өлшемдерде дайындалады. Мәселен, “Тәуелсіздік мерекесі”, “Жаңа жыл”, “Әйелдер мерекесі”, “Наруз”, “Отан қорғаушылар күні” секілді мейрамдарға және “Оқытушылар мен тәлімгерлер күніне” арнаулы мүмкін.

Ўстаздар мен тәлімгерлер күніне арналған құттықтауды дайындау үшін ең алдымен сурет дәптер өлшеміндегідей ақ қағаз аламыз. “Құттықтауымыз қандай пішінде болуы керек?” деген сұраумен қолымызға қалам алып, эскиз варианттарын сызамыз, ізденеміз. Мысалы, квадрат пішініндегі қағазды алып, оны екі бүктеуге болады. Сондай-ақ тік төртбұрыш пішініндегі қағазды да екі бүктеп, әдемі пішінге келтіру мүмкін.



21-сурет. Құттықтаулар үлгілері.







Қўттықтауды кўрделілеу пішінде дайындаймын десең, тойлардың және басқа салтанаттардың шақыру хаттарына көз салып, шығармашылық тұрғыдан ізденіп, басқа ешкімдікіне ұқсамайтын өзгеше пішін табуға әбден болады. Қағаз екі бүктелген соң, үстіне мерекенің ай-күні, сағаты және қайсы мерекеге арналғаны жазылады. Бұндайда жазудың көркемдік тұрғыдан әдемі жазылуына назар аударған жөн. Құттықтаудың үстіне сандар мен жазулардан тыс, сурет салуға да болады. Оқытушылар мен тәлімгерлер мейрамына арналған құттықтау кітап, қалам, компьютер, үстел шамы, сондай-ақ кітап үстіне шұғыласын шашқан күн нұры сияқты көріністермен безендірілсе, адам жүрегінде тамаша әсер қалдырары сөзсіз. Сондықтан ең жақсы құттықтау дайындау үшін бірнеше эскиздер сызып, ерінбей іздену талап етіледі.

5-практикалық сабақ

Оқытушылар мен тәлімгерлер күніне құттықтау дайындау



Құттықтаудың ішкі парағына гүлдердің немесе гүл шоғырының суретін салуға болады. Құттықтау жазылатын орынды фонға арналған өңмен бояп қойса, бұрынғыдан да тартымды болады.



ТҮСБЕЙНЕ НЕМЕСЕ ГРАФИКА ӘДІСІМЕН 2–3 ФИГУРАЛЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Композиция – латын тілінен аударғанда көркем шығарманың құрылысы, идеясы, болмысы деген мағынаны білдіреді. Композиция сөзінің мағынасы – бейненің мәнін өрнектеу, пішін жасау, кескінделген пішіндердің өзара қарым-қатынастарын үйлестіру – жалпылыққа келтіру, оларға көркем мазмұн сипатын дарыту. Композиция – өнердің барша түрлерінде, соның ішінде бейнелеу өнерінде негізгі орынды иелейді. Ол шығарма жаратудағы ең маңызды міндет болып саналады. Бейнелеу өнерінде композицияның үш түрі қолданылады.

1. Түсбейне композициясы адамның бойында көркемдік талғам мен түйсікті оятатын, дүниетанымды кеңейтетін, түс әсемдігімен кескінделетін түсбейне шығармаларын жарату ережелерін қамтиды.



22-сурет. Түсбейне
композициясы.



23-сурет. Мүсіншілік
композициясы.

2. Мүсіншілік композициясы бөртпе және домалақ мүсіндер жасау әдістерін қамтиды.

3. Декоративтік композиция бейнелеу, қолданбалы және сәулеткерлік өнер түрлерінде қолданылатын көркем безендіру жұмыстарын қамтиды.

Бейнелеу өнерінде композицияның екі бағыты бар.

Бірінші бағыт: беттік композиция. Онда кескін жазық бетте орындалады.

Бұларға графика, түсбейне және бедерлік бөртпе мүсіндер жатады.

Екінші бағыт: көлемдік композиция. Онда кескін үш өлшемді болып келеді де, оны жан-жақтан көруге болады. Бұларға тұғырлы және монументтік домалақ ескерткіштер жатады.

Композициялық шығарманы жасау үшін бірнеше сатылы үдерісті жүзеге асыру қажет:

1. Шығарма тақырыбын таңдау.
2. Тақырып бойынша эскиз варианттарын жасау.
3. Эскиздер арасынан ең жақсысын таңдау.
4. Ең жақсы эскизді мүмкіндік деңгейінде басқа эскиздермен үндестіріп, тақырыпқа сай шынайы шығарма жарату.




24-сурет. Графикалық композиция.

6-практикалық сабақ

Түсбейне немесе графика әдісімен 2-3 фигуралы тақырыптық композиция жасау (спорт)

Композицияға арнап шағындау эскиз варианттарын сыз. Әлі жетілмеген эскиз варианттары арасынан ең қолайлысын сурет дәптеріңізге түсіріңіз.



Әлі жетілмеген эскиз варианттары арасынан тандалған 2 фигуралы тақырыптық композиция.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Композиция сөзінің сөздік мағынасы қандай?
2. Бейнелеу өнерінде композицияның неше түрі қолданылады?
3. Композицияның осы түрлері қандай ережелерді қамтиды?
4. Бейнелеу өнерінде композицияның неше бағыты бар?


Үйге тапсырма:

Спортқа арналған 2-3 фигуралы композиция эскизінің басқа вариантын жай қаламмен сызып кел.

МҮСІНШІЛКТЕГІ ЛИРИКА МЕН ДРАМАТИЗМ, 2-3 ФИГУРАЛЫ ТАҚЫРЫПТЫҚ КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ (СПОРТ, ӨНЕР)

Бейнелеу өнерінің мүсіншілік түрінде лирика мен драматизм бағыты бар, ол өзіне тән жақтарымен ерекшеленіп тұрады.

Лирика бағытында жасалған мүсіншілік шығармалары адамның ішкі толғаныстарын, қуаныш-реніштерін, сезімдері мен көңіл күйлерін, толқулы сәттерін бейнелейді. Өзбекстанның халық ақыны Зүлфияға орнатылған монументтік ескерткіш лирикалық бағыттағы шығарма болып табылады. Оның авторы – танымал мүсінші Равшан Миртожиев. Ал мүсінші Илхом Жабборовтың қолынан шыққан “Бақытты ана” монументтік ескерткішінде де ананың мүләйім, мейірбан, бақытты көңіл күйі бейнеленген.



25-сурет. Равшан Миртожиев.
“Зүлфия” ескерткіші.



26-сурет. Илхом Жабборов.
“Бақытты ана”.



27-сурет. Равшан Миртожиев. “Отанға ант” ескерткіші.



28-сурет. Д.В.Рябышев пен С.Адамов. “Ерлік” монументі.


Мүсінші Равшан Миртожиевтің қолымен жасалған Отан-ананың қасиеттілігін дәріптейтін “Отанға ант” монументтік ескерткіші ант беру үстіндегі ұланның ішкі сезім-толғаныстарын шынайы суреттейді. Драматизм бағытында жасалған мүсіншілік туындылары негізінен қайғылы, өкінішті жайттарды, сонымен қатар адамның ержүректілігін, мәрттігін бейнелейді.

Мүсінші Д.В.Рябышев пен С.Адамовтардың қолымен дүниеге келген “Ерлік” монументі 1966 жылы дүниені дүр сілкіндірген апатты зілзаланы бейнелейді. Ғаламат жер сілкіну кезінде әкенің кедесін қалқан етіп, өз перзенті мен жұбайын апаттан қорғап қалуға ұмтылған сәті ұтымды бейнеленген.

7 – 8-практикалық сабақ


2-3 фигуралы тақырыптық мүсіншілік композицияларын жасау (спорт, өнер)

Композиция ережелеріне орай 2-3 фигуралы ескерткіш жасау үшін жетілмеген эскиз варианттары сызылады.



Өнерге және спортқа қатысты бірнеше эскиздер сызып алынғаннан кейін, солардың арасынан ең дұрыс дегендері таңдалып, шағындау ағаш тұғырға сымнан жасалған каркас орнатылады.

Бұрынғы сабақтарда біліп алған ережелерге сүйене отырып, 2 немесе 3 фигуралы мүсіндер жасалады. Бұл жұмысты бедерлі бөртпе мүсін көрінісінде жасауға да болады.



Бөртпе мүсін үшін ағаш тұғыр да, сым каркас та қажет емес. Картон қағазға композицияның бейнесі түсіріп алынады да, сызылған суреттің үстіне саз балшықтан немесе ермексаздан (пластилиннен) бөртпе мүсін бейнесі жасалады.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Лирикалық бағыттағы ескерткіштер мазмұнына сәйкес қандай күйлерді бейнелейді?
2. Драматизм бағытындағы ескерткіштер өз мазмұнына сәйкес қандай күйлерді бейнелейді?
3. “Бақытты ана” монументтік ескерткішінің авторы кім?
4. “Отанға ант” монументтік мүсін шығармасының авторы кім екенін білесің бе?

Үйге тапсырма:

2-3 фигуралы мүсін композициясын бөртпе немесе домалақ ескерткіш көрінісінде жасап кел.

ҰСАҚ ПЛАСТИКА МҮСІНШІЛІГІ



29-сурет. Шыныдан жасалған ұсақ пластика.

Декоративтік мүсіншіліктің бұл бағытында мүсіндер мен бөртпе бейнелер шағын өлшемде болуымен ерекшеленеді. Ұсақ пластика декоративтік мүсіншілігінде негізінен жәдігерлік ескерткіштер, ғимараттың ішкі және сыртқы бөртпе безектері, саз балшықтан, фарфор мен керамикадан және басқа шикізаттардан шағын өлшемдегі ойыншық мүсіндер жасалады.

Адамға көтеріңкі көңіл күй бағыштайтын саз, шыны, металл, ағаш, сүйек секілді заттардан жасалған шағын өлшемдегі әдемі мүсіншелер үйдегі сөрелерді, жазу үстелдерін көркем эстетикалық тұрғыдан безендіріп тұрады.



30-сурет. Абдурахым Мўхтаров. “Тўйе мен бота”. Ұсақ пластика.




31-сурет. Абдурахым Мўхтаров. “Декоративтік жануар”. Ұсақ пластика.

9-практикалық сабақ Ұсақ пластика декоративтік мүсіншілігінде ойыншық мүсіншелер жасау

Сурет дәптеріңе эскиздер вариантын сызып ал. Өзіңе ұнаған эскиз вариантын тандап, тұғыр мен сым каркас әзірле. Ойыншық мүсінше бейнесін саз балшықтан немесе ермексаздан (пластилиннен) жаса. Ойыншық мүсіншені сым каркассyz жасау мүмкіндігі үлгіде көрсетілген.





Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Ұсақ пластика декоративтік мүсіншелер басқа мүсіншілік шығармаларынан несімен ерекшеленеді?
2. Ұсақ пластика декоративтік мүсіншілігінде нелер бейнеленеді?
3. Декоративтік мүсіншелер жасаумен шұғылданатын қандай шеберлерді білесің?

Үйге тапсырма:

Ойыншық мүсіншелердің басқа вариантын жасап кел.

II ТОҚСАН

Қадірлі оқушылар, сендер бұл тоқсанда Шығыс өнері, Шығыс миниатюра өнерінің тарихы мен мектептері жөніндегі мәліметтерді білумен қатар, Шығыс миниатюра шығармалары үлгілерінің элементтерінен нұсқа көшіріп аласыңдар. Өзбек және Шығыс ертегілері сюжеттері негізінде миниатюра стиліндегі композициялық иллюстрациялармен жұмыс істейсіңдер. Түрлі көлемдер мен көріністегі қобдишалар жасауды және оны миниатюра композициясымен безендіруді үйренесіңдер.

ШЫҒЫС МИНИАТЮРА ӨНЕРІ



32-сурет. Фаридидун ұлдары және яман шаһының қыздары. Фирдаусидің “Шаһнаме” шығармасынан. 1557 жыл. Мухаммад Мурод Самарқанди.



33-сурет. Мектеп көрінісі пейзажи. Хират, XV ғасырдың соңы. Суретші Бехзод.



24-сурет. Үнді өзенінен өтіп бара жатқан Сұлтан Жалоліддин.

Орта ғасырлардағы Шығыс бейнелеу өнерінде Ояну кезеңі орын алып, миниатюра өнері де қарыштап алға басты. Миниатюра негізінен кітап графикасы бағыты бойынша өркендеді. Соның нәтижесінде Орта Азия, Арабия, Үндістан, Иран, Түрік миниатюра мектептері пайда болды.

Араб миниатюра мектебі

Араб миниатюра мектебі X–XI ғасырларда Фатимилер әулеті, ал XIII ғасырдың бірінші жартысында Сирия мектептері негізінде құрылды. Қолжазбаларға арналған араб миниатюраларында болмыс оның жанды образдары арқылы кеңінен бейнеленді. Болмыстың шарты кейде рәміздік пішіндермен де бейнеленеді. Араб миниатюрасына тән ерекшелік – оның жарқын деко-

ративтілігінде. Образдардың орналасуында жарқын түстер, сызықтардың нәзіктігі оның өзіне тән жақтарын белгілеуде маңызды орын иелейді. Араб өнерінде нақышқа елеулі орын берілді. Араб миниатюра мектебінің басты ерекшелігі – шығармалардың сюжетке байлығы және алуан түрлілігі болып табылады.

Миниатюра мектебінің ең әйгілі суретшілерінің бірі Абдуллах ибн Фадлдің өзіндік қолтаңбасы Диоскоридтің “Фармакология” кітабындағы миниатюралардан айқын көрінеді. Миниатюралардағы бейнелер анық та қанық бояулармен салынып, мәтіндер сары өңмен жазылған.

Суретші Яхио ибн Махмуд “Мақам” атты шығармаға бірқатар миниатюралық шығармалар дайындаған. Олар – “Ақын Абу Саидтың бастан кешіргендері”, “Ғалымдар басқосуы”, “Керуеннің жол үстінде дамылдауы”, “Мейрам салтанаты”, “Теңіздегі кеме” және тағы басқалар. Бұл шығармалар Париждегі мұражайлардың бірінде сақтаулы тұр.



35-сурет. Диоскорид. “Фармакология” кітабының парағы. Әйгілі миниатюрашы Абллуах ибн Фадл көшірген.



36-сурет. Әл-Харири. “Мақам” атты шығармасына жасалған миниатюра. Яхио ибн Махмуд. 1237 жыл. Париж. Ұлттық кітапхана.

Үнді миниатюра мектебі



37-сурет. Гуджарат мектебі. “Васанта Виласа” шығармасына жасалған миниатюра. XV ғасыр. Фрир өнер галереясы, Вашингтон.

Үнді миниатюра мектебі орта ғасырларда қалыптасып, Гуджаратта сақталып қалған. Гуджарат мектебі (XIII–XV ғасырлар) миниатюрасының өзіне тән ерекшелігі – адамдар бейнесін көп ретте жанынан, көздерін алға қарата суреттейді. Үндістан миниатюра мектебінің дамуы Бабурилер билік құрған кезеңмен тығыз байланысты.



38-сурет. Акбар өз бейнесін әкесі Хумаюнге көрсетуде. Абдусамад. 1550–1556 жылдар. Гулистан кітапханасы, Тегеран.



39-сурет. Сарай өкілдері Бабыр патшаның қабылдауында. “Бабырнама” кітабы. Фаррухбек. 1589 жыл. Саклер галереясы, Вашингтон.



40-сурет. Суретші Мір Саид Әли.
Автопортрет. 1540 жыл. Фрир өнер
галереясы, Вашингтон.



41-сурет. Фаррухбек.
Автопортрет. 1615 жыл. Ева және
Конрада Зитс коллекциясы.

Бұл кезеңде көптеген Орта Шығыс миниатюрашылары Үндістанға шақырылып, әкелінді. Самарқанд пен Табризден келген миниатюра шеберлері үнді миниатюра өнерінің дамуына үлкен ықпал жасады. Бабурилер миниатюра өнері алғашында Орта Шығыс миниатюра өнерінің ықпалымен қалыптасқан болса да, оның өзіне тән ерекшеліктері бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл ерекшелік Үнді миниатюрашыларының ықпалымен гарыш кеңістігін көрсету, болмысты өлшемді етіп бейнелеуге ұмтылыстар арқылы байқалады. Бабурилер кезеңі миниатюра өнерінде бірте-бірте портрет өнері кеңінен тарала бастады. Бұл Еуропа реалистік өнерінің ықпалы күшейе түскенін аңғартатын

еді. Үнді миниатюра өнері Жахангир патшалық еткен кезеңде (1605–1627) одан әрі гүлденіп, дамыды. Миниатюраларда өмірлік тұрмыстық жанр, махаббат, табиғат, құстар, бунақ денелілер мен жануарлар ықпалы да сезіле бастады. Бабурилер миниатюра мектебінің жарқын үлгісі “Бабырнама” кітабынан көрініс тапты. Бұл кітап Мәскеудегі Шығыс халықтары өнері мұражайында сақтаулы тұр. “Бабырнама” кітабының суретшілері Камолиддин Бехзод, Шах Музаффар, Байсұнғыр Мырза, Хайдар Мырза тағы басқалар болды. Үнді сурет өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан суретшілер Мір Саид Әли, Абдусамат Шарзи, Басова, Дос Девона, Дисвинта, Фаррухбектер еді.

Иран миниатюра мектебі



42-сурет. Ризо Аббоси.
“Шопан”. 1634 жыл.
Санкт-Петербург. ГПБ.

Иран миниатюра мектебінің негізгі бағыттарының бірі – Исфахан мектебі. Ол XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан. Исфахан мектебінің шығармаларында түстер аздау болып көрінеді, ал бейненің астында зерлі түстер ұтымды пайдаланылған. Пішіндер ірі, пейзаждар анық бейнеленіп, кітаби бейнелермен бірге портреттер, жанрлы шығармалар да жаратылған. Иран миниатюра мектебінің әйгілі суретшілері Ризо Аббоси, Мухаммад Қосим, Мухаммад Юсуф, Мухаммад Алилер болып табылады. Миниатюра мектебі бағытына Еуропа бейнелеу өнері өз әсерін тигізіп, шығармаларда христиан дінінің мифологиясы негізгі орынды иелеген. Бұл Мухаммад Замон, Аль Қулибек, Джабадар сияқтылардың шығармашылығынан айқын көрінеді. Ризо Аббосидің “Шопан”, “Жігіттің портреті” атты туындылары дүниеге әйгілі. XIX ғасырдың суретшілері өз өнерлеріне Еу-



43-сурет. Ризо Аббоси. “Жігіттің портреті”. 1625 жыл. Британия кітапханасы, Лондон.



44-сурет. “Пиала ұстаған жігіт”. Мухаммад Юсуф. 1656 жыл. Санкт-Петербург, Эрмитаж.

ропа түсбейнесінің көркемдік және техникалық әдіс-тәсілдерін дарытып, реформа жасады. Исфаханда өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан табриздік қылқалам шебері Сұлтан Мухаммадтың “Пайғамбардың жарыққа шығуы” деп аталатын шығармасында, Низамидің “Хамса” кітабына жасаған миниатюраларында Еуропа көркем-техникалық әдістерінің сіңірілгенін айқын көруге болады.

Түрік миниатюра мектебі

Бұл мектептің гүлденіп, дамыған кезеңі XV–XVI ғасырларға тура келеді.

Ол кезеңде Сұлтан Махмуд II өзінің сарайына суретшілер мен хұснихат жазушыларды көп жинаған. 1425 жылы сарай шеберханасында 29 суретші мен нақышкер шығармашылықпен айналысқан.

Түрік миниатюра шеберлері өз шығармаларында Шығыс өнері мектептерінің жұмыс әдістерін кеңінен пайдаланған. “Сұлтан Сулейман тарихында” қолданылған миниатюраларда түрік миниатюрасына тән қасиеттер, болмысты аспай-саспай баяндауға, композицияны біраз перспективалы планда шешуге ұмтылыс сезіледі. Түрік мминиатюра мектебінің атақты суретшілері Усман, Нигори, Шайх Хамидуллар, сондай-ақ түрік сұлтаны сарайында Орта Азия мен Хорасаннан барған Баба Накқаш, Шайх Мұстафа, Тажиддин Гирехбанди, Абдулғани Аға Мирак, Шайх Камони, Шахқули, Жалалзада Мұстафа секілділер жемісті еңбек етті. Жалалзада Мұстафаның “Сұлтан және оның тыңшылары”, Усманның “Хұсрау мен Сұлтан Сәлім II портреті”, Нигорийдің “Сұлтан Сулейман II портреті”, Низамидің “Хамса” шығармасына жасалған Байсын Мырза, Әмір Темір және Темурилер ұрпақтары бейнеленген миниатюралар, Бахром Мырза, Шах Исмайылдың альбомдары Түркияның Топгопи сарайының кітапханасында сақталуда.



45-сурет. Сұлтан Усман I
Ғазидың портреті.



46-сурет. Сұлтан Сәлім I-дің
портреті.



47-сурет. Сўлтан Сулейманның
эскері 1554 жылы Нахичеваньға
жорық жасаған. Стамбулдың
Топгопі сарайындағы
миниатюра. 1561 жыл.“



48-сурет. Сўлтан Махмуд I сарай
өкілдерімен.

Орта Азия миниатюра мектебі

Орта Азия, жалпы алғанда, Орта Шығыс мәдениетінде кітапты безендіру, хұснихат жазу, миниатюра өнері өзіндік ерекшеліктерімен, тартымдылығымен өзгелерден көш ілгері тұрады. Бұл өнердің қарыштап алға басуына Орта Азияның, Иранның, Әзербайжан мен Ауғанстанның қылқалам шеберлері лайықты үлестерін қосты.

Орта Азия және Орта Шығыс миниатюра мектептерінің әйгілі суретшісі Камолиддин Бехзод шамамен 1455 –1535 жылдарда Гератда Әлішер Науаидың жанында және соның демеушілік қолдауымен шығармашылықпен айналысқан болса да, бертін келе көптеген хұснихатшы-суретшілермен бірге Бұхараға көшіп өтті. Бехзод Бұхарада 1507–1522 жылдарда өмір сүріп, шығармашылықпен айналысты. Оның әйгілі шығармасы Шайбаниханның портреті сол

жерде дүниеге келді. Бехзод өзінің шығармашылығын өмірде көрген-білген детальдарымен байытып, туындыларының реалистік бағытын күшейтті. Ол Шығыс миниатюрашы-суретшілері арасында санқырлы өмір түйткілдері мен тартымдылығын өте нәзік те шебер жеткізе алатын қылқалам шебері болды. К.Бехзодтың композицияларында нақты өмір ақиқаты, сәулеткерлік детальдар, шығарма идеясын ашуда образдың іс-әрекеттерін орынды пайдаланылды, нақ осы ерекшелік миниатюра өнерін дамытуда маңызды орын иеледі.

Камолиддин Бехзод 1522–1524 жылдарда Табризде жасады, ал 1524 жылы Гератқа қайтып, өмірінің соңына дейін сол жерде шығармашылықпен айналысты. Бехзод ұлы ақындардың туындыларына шайқастардың, аң аулаудың көріністерін бейнелейтін миниатюра композицияларын, иллюстрациялар, портреттер жасады. Ол Сағдидің “Бостан”, “Гүлістан”, Низамидің “Хамса”, Хис-



49-сурет. Ескендір және жеті данышпан. Герат, XV ғасырдың 90-жылдары. 1495 жылы көшірілген. Суретші Бехзод. Британия мұражайы, Лондон.



50-сурет. Хаварнақ сарайының құрылысы. Герат, XV ғасырдың 90-жылдары. 1495 жылы көшірілген. Суретші Бехзод. Британия мұражайы, Лондон.

рау Дехлевидің “Хамса”, Шарафиддин Әли Язидің “Темір асунамасы”, Әлішер Науаидың дастандары секілді классикалық туындыларды өз миниатюралық композицияларымен безендірген. Камолиддин Бехзодтың қылқаламынан туған Науаидың, Жәмидің, Хұсайын Байқараның, Шайбаниханның портреттері суретшінің бұл өнерге қаншалықты шебер екенін паш етіп тұрады.

XVII ғасырдың 30 – 50-жылдары Музаххиб шығармашылығының кемеліне келген шағы болып саналады. Оның әйгілі туындыларының бірі “Сұлтан Санжар мен тоқымашы қарт кемпірдің кездесуі” миниатюралық композициялары ерекше мақтауға лайықты.

Орта Азия миниатюра мектебінің атақты суреткерлерінің тағы бірі – Мухаммад Мурад Самарқанди. Оның шығармашылығында патшалардың қабылдау рәсімдері, аңшылық көріністері, қаһармандық тақырыптар негізіндегі миниатюралық композициялар өз бейнесін тапқан. Самарқанди Абдулвосит Фирдаусидің “Шахнама” қолжазбасына 115 миниатюра композициясын дайындап берген. Қылқалам шебері кесек образды алғашқы планда сомдайды. Самарқанди шығармашылығының өзіне тән ерекшелігі сол, ол образдарды азайтып, оларды қарапайымдау етіп бейнелейді. Образдардың іс-әрекеті, қол-дарының, бет-әлпетінің мимикалық өзгерістері идеялық мақсаттарды жарыққа шығаруға қызмет етеді. XVII ғасырдың бас кезінде Орта Азия миниатюра өнері өз дамуының шарықтау шегіне жет-



51-сурет Жас жігіт кітаппен.
Тебриз XVI ғасырдың 40-шы
жылдары. Суретші
Сұлтан Мұхаммед

ті. Самарқант миниатюра мектебінің суретшілері арасындағы дара тұлға – Шарафиддин Әли Язидің “Асунама” шығармасында көрініс тапқан миниатюралар жалпы Шығыс миниатюра өнеріндегі ерекше үлгілер болды. Сонымен қатар осы кезеңде хандар мен шахтардың көптеген портреттері жасалды.

10-практикалық сабақ

Практикалық сабақ үдерісінде суретшілер шығармаларына көркемдік тұрғыдан қараңдар.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Араб миниатюра мектебі қай ғасырларда құрылған?
2. Үнді Гуджарат мектебі қайсы ғасырларды қамтиды?
3. “Бабырнама” кітабының суретшілері кімдер болған?
4. Иран миниатюра мектебі қай ғасырларда қалыптасқан?
5. Түрік миниатюра мектебінің қарыштап дамуы қайсы ғасырларға тура келеді?
6. Камолиддин Бехзод қашан және қай жерде туылған?
7. Музаххиб бүркеншік аты қандай мағынаны білдіреді?
8. Мухаммад Мурад Самарқанди “Шахнама” қолжазбасына неше миниатюраның композициясын дайындаған?

Үйге тапсырма:

Оқулықтағы 10-сабақты оқып, қайтала.

ШЫҒЫС МИНИАТЮРА ӨНЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕН КӨШІРМЕ АЛУ

Қадірлі оқушылар, сендер бұдан бұрынғы сабақта Шығыс миниатюра мектептері, олардың дамуының өзіндік ерекшеліктері және олардың көрнекті өкілдері туралы біліп алдыңдар. Бүгінгі сабақта оқулықтағы миниатюра шығармаларындағы ағаш, су, тау, тас элементтерінің салыну әдіс-амалдарын бақылап, үйренесіңдер, олардан көшірме аласыңдар.



52-сурет. Дилбар Пулатова. “Шебер өз шәкірттері ортасында”. 1999 жыл.



53-сурет. Аброр Турсунов.
“Аңшы”. 2001 жыл.



54-сурет. Жоман және қамрак
ағаштары. “Бабырнама” кітабындағы
миниатюра.


11–12- практикалық сабақ


Оқулықта берілген миниатюра шығармаларындағы ағаш, су, тау, тас элементтерін сурет дәптеріңе көшіріп ал және оны өз түстерімен боя.

Мына миниатюра шығармаларына қарандаршы. Оларда ағаштар, сулар, таулар, тастар қалай салынған? Перспектива, сәуле және көлеңке заңдылықтары сезіліп отыр ма?

Сурет дәптеріңді алты бөлікке бөл!

Бірінші бөлігінде оқулықта берілген миниатюра шығармаларындағы таулардан көшірме ал. **Екінші бөлігінде** оқулықта берілген миниатюра шығармаларында су мен тастан көшірме ал. **Үшінші бөлігінде** оқулықта берілген миниатюра шығармасындағы ағаштан көшірме жаса. **Төртінші, бесінші, алтыншы** бөліктерінде адамның және жануарлардың бейнелерінен көшірме ал.






55-сурет. Үлгі иллюстрация. Иззатилла Нуриллаев.

Міне, мына миниатюра шығармаларына зейін қойып қара. Шығармалардан миниатюра өнерінің өзіндік ерекшеліктерін байқай аласың. Ат бейнесі мен адам образының қалай салынғанына және боялуына көңіл бөл. Суретте түстер жарқын да қанық бояулармен боялған, жарық-көлеңке ережелері қолданылмаған.



56-сурет. Шорасул Шоахмедов. “Аң аулау”.

Суретте перспективалық қысқарулар байқалмайды. “Аң аулау” деп аталатын шығарма миниатюра әдісімен бейнеленіп, суретші Шорасул Шоахмедовтың қолымен салынған. “Лашын бағушы” атты миниатюра үзіндісінің авторы – әйгілі миниатюрашы-суретші Мырза Әли.



57-сурет. Канжал және пулпайкар атты құстар. “Бабырнама” кітабындағы миниатюра.



58-сурет. Мырза Әли. Лашын бағушы. Миниатюрадан үзінді. 1575 жыл. Бостон, Өнер мұражайы.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. “Шебер шәкірттері ортасында” шығармасының авторы кім?
2. Суретші Аброр Турсуновтың шығармасының атын айт.
3. “Жоман және қамрак ағаштары” миниатюра шығармасы қайсы кітапқа арнап сызылған?

4. Миниатюра өнерінде жарық-көлеңке және перспектива ережелері қолданыла ма?
5. “Аң аулау” деп аталатын миниатюра шығармасының авторы кім?
6. Миниатюрашы-суретші Мырза Әли өз туындысын қалай атаған?
7. “Канжал және пулпайкар атты құстар” миниатюралық шығармасы қайсы кітапқа арналған?

Үйге тапсырма:

Көшірмесі алынған миниатюра элементтерін бояп кел.

ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ СЮЖЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ МИНИАТЮРА ӘДІСІМЕН ИЛЛЮСТРАЦИЯ ЖАСАУ

Қадірлі оқушылар, сендер жас кездеріңнен-ақ халық ертегілерін тыңдап, оқып өскенсіңдер. Солардың арасынан “Зумрад пен Қымбат”, “Ұр, тоқпақ!”, “Жайыл, дастарқан” және басқа ертегілер баршаға бірдей ұнайды. Біз ертегілер арқылы жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айыра аламыз. Ертегілер бізді ізгілікке, жақсылыққа, әділет пен адалдыққа баулиды, әрине, жақсылықтың міндетті түрде жеңетініне сендіріп, соған жетелейді. Кейбір ертегілер ата-ананың, ұстаздар мен үлкендердің сөздеріне құлақ асуға, оларды құрметтей білуге үйретсе, кейбіреулері әпқашан тура сөйлеуге, әділетті, мейірбан болуға баулиды. Тағы бір ертегілер білімді, өнерлі, еңбексүйгіш, іскер болуға, кездескен қиыншылықтарды ойланып-толғанып барып, достарыңмен ақылдаса отырып шешуге үйретеді. Біз халық ертегілерінің сюжеттеріне миниатюра әдісімен иллюстрация жасау үшін ертегі негізінде дайындалған миниатюралық композицияларды талдап, бақылауымыз қажет. Ертегі негізінде дайындалған мына бір ми-



59-сурет. Тельман Мухамедов. Ўзбек халық ертегілері.

миниатюраларга назар аударындаршы. 60-суреттегі ўзбек халық ертегілері негізінде сызылган композицияларды суретші Тельман Мухамедов дайындаган.

Біз ўткен сабақтарда миниатюра шығармаларының элементтерінен көшірмелер алган едік. Міне, сол игерген білімдерің мен біліктеріңе, суретшілердің ертегілер бойынша дайындаган шығармаларынан алган эсерлеріңе сүйеніп, халық ертегілеріне арнап миниатюра әдісімен иллюстрация жасаймыз.

13-практикалық сабақ

Ўзбек халық ертегілері үшін миниатюра әдісімен иллюстрация жасау

Миниатюра әдісімен иллюстрация жасау кезінде төмендегі жалпы ережелерді сақтауды ұмытпаңдар!

1. Жақынырақтағы нәрселер қағаздың төменгі жағына, ал ұзағырақтағы нәрселер қағаздың жоғарғы бөлігіне салынады.

2. Нәрселер мен адамның суретін салғанда оның жақынырақтағы және ұзағырақтағы өлшемдері өзгермейді.
3. Перспектива ережесі сақталмайды.



60-сурет. Иззатилла Нуруллаев. Үлгі иллюстрация.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Ертегілер бізге нені үйретеді?
2. Өзбек халық ертегілері негізінде салынған композицияларды қайсы суретші жасаған?
3. Миниатюра әдісі бойынша иллюстрация дайындаудың қандай ережелері бар?

Uyga vazifa:

Миниатюра әдісімен жасалған иллюстрацияны аяқтап кел.

ШЫҒЫС КЛАССИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ СЮЖЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ МИНИАТЮРА ӘДІСІМЕН ДЕРБЕС 2-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ



61-сурет. “Ескендір таудағы захид кұзырында”. Герат, XV ғасырдың 90-жылдары. 1495 жылы көшірілген. Суретші Камолиддин Бехзод. Низами, “Хамса”. 1201 жыл. Британия мұражайы, Лондон.

Қадірлі оқушылар, сендер бұрынғы сабақта ертегілер үшін миниатюра әдісімен композиция дайындау бойынша миниатюра шығармаларының үлгісі ретінде ағаш, су, тау, тас, жануарлар, құстар, адамдар секілді элементтердің нұсқасын көшіру арқылы тәжірибе жинақтадыңдар. Сол үйренген элементтерінді пайдалана отырып, халық ертегілеріне миниатюра әдісімен иллюстрация дайындадыңдар. Ал бүгінгі сабақта берілген бақылау жұмысын орындау үшін өткен сабақтарда алған білімдерінді пайдаланасыздар. Миниатюра шығармаларындағы элементтер: ағаш, су, тау, тас, жануарлар және адамдар бейнелерін ұтымды қолданып, Шығыс классикалық әдебиетінің сюжеттері негізінде миниатюра әдісімен композиция жасаңдар.

Композиция жасау кезінде төмендегі ережелерді сақтаңдар:

1. Композиция үшін сюжет таңдап алыңдар.
2. Композицияны шала сызықтар негізінде сызып алыңдар.
3. Суреттің айналасындағы қосымша детальдар мен заттарды (өсімдік, ағаш, су, тау, жануарлар т.б.) сызыңдар.
4. Дайындалған композицияны миниатюра шығармасын бояу ережелері бойынша бояңдар.

5. Жарқын түстермен бояп, қанық түстегі гельді қаламсаптың көмегімен суреттердің шекарасын сызып шығу керек. Суретшілер Шығыс классикалық әдебиетінің сюжеттері негізінде көптеген иллюстрациялар жасаған. Бұл композиция қылқалам шебері Камолид-дик Бехзодқа тиесілі. “Ескендір таудағы захид құзырында” деп аталатын бұл сурет Низамидің “Хамса” шығармасының сюжеті негізінде салынған.

МИНИАТЮРАҒА АРНАЛҒАН ҚОРАПТАР ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Қадірлі оқушылар, сендер өткен сабақтарда миниатюра дайындау әдістерін және оның өзіне тән жақтарын үйрендіңдер. Бүгінгі сабақта лакты миниатюра өнері және шеберлері жөнінде мәлімет алып, түрлі көлемдер мен көріністер бойынша қораптар дайындауды үйренесіңдер. Өзбек халқының ең нәзік өнер түрлерінің бірі – сурет салынған лакты қораптар мен қобдишалар, дереккөздерге қарағанда, XVI ғасырда Бұхарада дайындалған. Ол кезеңнің миниатюра үлгілері бізге жетіп келмеген. 1970-жылдарда өзбек суретшісі Чингиз Ахмаров, жас өнер өкілдері Ниязали Холматов, Шомахмуд Мухамаджонов, Абдувосит Қамбаров, Ғайрат Камолов және басқалар өнердің осы түрін қайта қалпына келтіруге бел байлады. Лакты миниатюраның қайта тіктеліп, дамуы жолында екі қағидат қатаң сақталды.

Бірінші қағидат – миниатюра мұрасына шығармашылық тұрғыдан қарау арқылы заманалық болмысты бейнелеу.

Екінші қағидат – классикалық миниатюраның көркем заңдылықтарына қатаң мойынсұну.

Лакты миниатюра шеберлерінің қолынан шыққан жұмыс қораптарына салынған нақыш-безектер мен миниатюраларды қараңдар.

Төмендегі жұмыс қораптарының сыртындағы нақыш безектерін суретші Шаолим Шомансур салған.



62-сурет. Ниязали Холматов.
“Фархад пен Шырын”. Лакты миниатюра.



63-сурет. “Шахзада Иван”
орыс халық ертегісі негізінде
жасалған лакты
миниатюра. Холуй мектебі.



64-сурет. Маслова. “Шортан
балықтың әмірімен” орыс халық
ертегісі негізінде жасалған лакты
миниатюра. Федоскино мектебі.



65-сурет. Шаолим Шомансур шығармасы.

Суретші Шаилхом Шаякубовтың қолынан тшыққан жұмыс қораптарына салынған лакты миниатюралар түсінің қанықтығы және композициясының ерекшелігімен есте қалады.





66-сурет. Шаилхом Шаякубов. “Масқарапаз”. 2000 жыл.

15–16-практикалық сабақтар

Жұмыс қорабын дайындау үшін кәдімгі картон қағазы қажет.

1. Картонды 20х20 см квадрат пішінінде қиып аламыз.
2. Картонның барлық жағынан 3 см-лік сызық сызамыз.
3. 3 см-лік сызықтар үстінен жазбайтын қаламсап немесе темір сызғыш көмегімен басып сызамыз да, картонның бұрыштары оңай сынуы үшін кесіктер жасаймыз.
4. Картонның бұрыштарын бір жағынан 3 см өлшемінде қайшымен қиып шығамыз (суретте пунктир сызықтармен көрсетілген).
5. Картонның 3 см-лік сынған бұрыштарын жоғары көтеріп, қайырып шығамыз.



6. Бұрыштарда пайда болған шаршыларға желім жағып, қораптың ішкі жағынан жапсырып қоямыз.

7. Қораптың қақпағы үшін тағы сол өлшемде екіншісін дайындаймыз.

8. Қораптың ашылып-жабылуы үшін бір жағының ішінен екі қағаз таспа желімдейміз.

9. Қию, желімдеу жұмыстары аяқталған соң, қораптың қақпағына миниатюра композициясын жасау үшін ақ қағаз жапсырамыз.

Қадірлі оқушылар, біз сендермен бірінші тоқсанда композиция терминінің мағынасы жөнінде біліп алған едік. Композицияны жасау кезінде міндетті түрде компановкаға, симметрия мен ассиметрияға, түс пен өң ережелеріне мойынсұну қажет. Бет орталығын табу, бейненің еркіндігі, нәзіктігі, түстердің үйлесімділігі сияқтыларға да жеткілікті назар аудару талап етіледі. Композиция жасау кезінде нақыш немесе кескін элементтерін пайдалану жолдарын игеріп, композицияға ат беруді де ұмытпау керек. Төртбұрышты, көпбұрышты, сондай-ақ шеңбер тәрізді сан түрлі нақыштар мен безектерді немесе миниатюра композициясының эскиздерін дайындап, жұмыс қораптарына көшіріп сызуға болады. Төртбұрыш пішініндегі қорапты безендіру мен эскизін сызуда безек ретінде нақышты, жануарлар мен құстардың, бірер сюжетті бейнелейтін адам кескінін пайдалануға да



67-rasm. Shoolim Shomansur.
“Naqsh bezakli kompozitsiya”



68-rasm. Muzaffar Po‘latov.
“Bazm” 2001-yil.

болады. Аталмыш лакты қобдишаларға арналған композицияларға зер салып, қараңдар. Нақыш безекті композицияларды суретші Шао-лим Шомансур жасаған. “Бәзім” кесіні сызылған композиция суретші Музаффар Пулатовтың шығармашылығына тиесілі.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Лакты қорапшалар қашан және қай жерде дайындалған?
2. Лакты миниатюра өнерінің қайта қалпына келтірілуіне қашан және кімнің жетекшілігімен негіз салынды?
3. Суретші Шаилхом Шаяқубовтың қолымен сызылған қобдишаға қандай безек берілген?
4. Миниатюра композициялары сызылған нақышты қобдишаларды қайсы суретші дайындаған?
5. Композиция жасау кезінде қандай ережелер сақталуы керек?
6. Жұмыс қораптарын безендіруде нелердің кескіндерін пайдалануға болады?
7. Нақыш безекті композицияны қайсы суретші дайындаған?
8. “Бәзім” кескіні сызылған композиция қайсы суретшінің шығармашылығына тиесілі?

Үйге тапсырма:

Композиция жасау үшін қорап дайындап, жұмысты аяқтап келу.

III ТОҚСАН

Қадірлі оқушылар, сендер бұл тоқсанда бейнелеу өнерінің станоктық (қондырғылық) түсбейнесі туралы мәліметтерді, суретшілердің станоктық, яғни баспалық шығармаларын, өзбек және әлемдік бейнелеу өнері шеберлерінің қолынан шыққан тарихи тұлғалар бейнелерінің жасалу үдерісінде жүргізген ізденістері жөнінде біліп аласындар. Сонымен қатар сюжетті картина эскизін сызуды, натюрморт композициясын және ойдан шығарып натюрморт жасауды, әдеби шығарма сюжеті негізінде композиция құруды, табиғаттың түрлі күйдегі пейзаждарын бейнелеуді, графикалық әдіспен эмблема жасауды үйренесіндер.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРİNДЕГІ СТЕНДТІК ТҮСТІСУРЕТ. СТЕНДТІК ТҮСТІСУРЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫН КӨРКЕМ ҚАБЫЛДАУ

Бейнелеу өнері өзінің бағытына қарай үш түрге бөлінеді. Бұлар – графика, түсбейне және мүсіндеме сияқты түрлер болып табылады.

Стендтік шығармалар бейнелеу өнерінің барлық түрлерінде бар, олар стендтік графика, стендтік мүсіндеме және стендтік түстісурет деп аталады.

Стендтік графика – дербестікке құрылған, өзіндік тәуелсіз пікірлері мен тың идеяларды алға қоятын графикалық шығармалар болып табылады. Стендтік графика шығармаларында бірер мазмұн, адамдардың іс-әрекеті, табиғат көрінісі бейнеленеді.

Стендтік графика шығармаларынан үлгілер



69-сурет. Рудольф Яхнин.
“Паруса над волнами”
шығармасына иллюстрация.
Линогравюра.



70-сурет. В.А.Фаворский. “Жүзім
жапырағын үзбек болған елік”.

Стенд мүсіндемесі – адам психологиясындағы нәзік өзгерістерді, рухани күйзелістерді, жандүние толғанысын, көңіл күйді ашып бере алатын өнер түрі. Бұдан тыс ол табиғаттағы жануарлар мен жәндіктердің өмірік, күшін, мінез-құлқын да көрсете алады. Стенд мүсіндемесі шығармаларының бірі – бюст өнері. Ол адам кеудесінен жоғары қарай бейнеленетін жұмыр мүсін және мүсіндер тобы (композиция) түрінде болады.


Стендтік мүсіндеме шығармаларынан үлгілер



71-сурет. Мүсінші жұмыс станогында бюст жасап отыр.



72-сурет. Мүсінші Александр Рябышев шығармашылық ізденіс үстінде.



73-сурет. Мүсінші Леонид Рябцев. “Бригадир”, 1973 жыл.

Стендтік түстісурет (түсбейне) – бейнелеу өнерінде жетекші орын иелейтін, арнайы станок, мольберттердің көмегімен оншалықты үлкен емес өлшемдер бойынша жасалады. Стендтік түстісурет шығармалары мата, картон, фанер секілді тегіс бетті материалдарға майлы және акварель бояуларымен салынады. Түстісурет шығармалары арнаулы мольберттердің көмегімен салынатындықтан стендтік

түстісурет деп аталады. Стендтік шығармаларда қоғамдағы маңызды оқиғалар мен құбылыстарды бейнелеуден тыс, жеке тұлғаның ерекшеліктерін, сезім-толғаныстарын толық кескіндеу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар шығармаларда табиғатта болып жатқан өзгерістер де өзінің жарқын бейнесін табады. Стендтік түстісурет монументтік және декоративтік түстісуреттерден айтарлықтай ерекшелігі бар, оның дербестік маңызы үлкен. Бір қызығы, ол басқа өнер түрлерімен байланыс жасамайды. Мұражай көрмелеріндегі суреттердің негізгі бөлігі стендтік түстісурет түріне жатады. Стендтік түстісурет кешірек дамып қалыптасты. Оның гүлденген кезеңі ояну дәуіріне тура келеді. Өзбекстанда түстісуреттің стендтік түрі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алды. Бұл кезеңде түстісурет шығармаларының алғашқы авторлары XIX ғасырдың орта шенінде Орта Азияға келе бастаған шетелдік суретшілер болатын. Олардың саны 40-тан астам еді, кейбіреулері Өзбекстанда өмір бойына тұрақтап қалды, осы жерде ұстаздық етіп, еуропалық өнер негіздерін жергілікті жастарға үйретті. Олардың арасында орыс суретшілері В.В.Верещагин, Н.Н.Каразин, Д.Кавказский, Р.Зоммер, О.Федченко, мүсінші О. Микешин, украин суретшісі С.С.Светославский, грузин суретшісі Г. Габашвили және басқа сол сияқтылар бар еді. Осы орайда Өзбекстан



74-сурет. Жас суретші шеберхананың картинасын бейнелейді.

стендтік түстісурет өнерінің дамуына еселі үлес қосқан суретшілердің де аттарын атап өткен орынды. Бұлар: Ұста Момын (А.Николаев), А.Сиддики, Б.Хамдами, И.Икрамов, П.Беньков, Л.Абдуллаев, Й.Елизаров, С.Абдуллаев, М.Набиев, Қ.Башаров, Т.Мухамедов, В.Бурмакин, Б.Бабаев, Т.Қуриязов, А.Икрамжанов, Ж.Умарбеков, Б.Жалолов, А.



75-сурет. Л.Буре. “Регистан”.



76-сурет. Б.Хамдами.
“Автопортрет”.




77-сурет. Л.Абдуллаев. “Молда
Тойшы Ташмухаммедов”.

Мырзаев, З.Фахриддинов, А.Момынов, А.Нуриддинов, О.Қазақов, Л.СалимжановаА.Мирсоатов және басқалар болатын. Тәуелсіздік жылдарында ұлттық егемендік идеяларымен суарылған көптеген стендтік түстісурет шығармалары дүниеге келді. Бұлардың қатарында портрет жанрында көрініс тапқан Әмір Темір, Әлішер Науаи, Захириддин Мұхаммед Бабыр, Жалолиддин Мангуберді, Камолиддин Бехзод, Нодирабегім, Бибіханым, Спитамен, Абдулла Қадыри, Чулпан және басқа бабаларымыздың портреттерін қосуға болады.



78-сурет. Н.Кашина.
“Доирашы қыз”.




79-сурет. П.Беньков.
“Дутаршы қыз”.

Стендтік түстісурет шығармаларын қабылдау және талдау

Николай Караханның “Алтын күз” шығармасының болжамдық талдауы: шығармынң сюжеті қарапайым, алтын күздің кемеліне келген шағы. Көгеріп көрінген таулар мен түпсіз тұңғиық көгілдір аспан фонында алтындай сарғыш түсті жамылған ағаштар көзге шалынады. Алдыңғы планда соқпақ жол, қарайған тастар, көгеріп көрінген жартастар, күнге күйіп сарғайған шөптер, күзгісары, қызыл, қызыл қошқыл, алтынтәрізді бұтақтар мен ағаштар анық та айқын көрініп тұр. Арт жақта – мақпалдай жұмсақ көкшіл тұманға оранған алып тау

жоталары үстіндегі ағаш алқаптары көрінер-көрінбес болып байқалады. Таулар үстінде күн нұрына шағылысқан ақша бұлттар көгілдір аспанды көркейтіп тұрғандай. Күннің шекені қыздыра қоймайтын әлсіздеу нұрынан күннің кешкіріп, күз ымырты қоюлана бастағанын байқайсың.




80-сурет. Николай Карахан. “Алтын күз”.

Көрерменнің назары енді ирелендеген кедір-бұдыр соқпақ жолға ауады. Жолдың жиектерінде күлгін түсті жақпар тастар жатыр. Олардың айналасын сарғайған шөптер, бірі сары, екіншісі қызыл бұталар орап тұр. Сонау көз ұшындағы соқпақта өзбек қызы табиғаттың мына сұлу көрінісіне тамсана қарап, тоқтап қалған. Қыз да айналадағы қайталанбас болмыс бітімінің бір бөлшегі ретінде әсем табиғатты толықтырып тұрғандай. Сурет өмірдің нағыз шындығына ұқсайды, расында да оны тірі шығарма деуге болады.

“Алтын күз” шығармасын көркем қабылдау және талдау бойынша нығайту сұрақтары:

1. Суретші жайында қысқа мәлімет.
2. Суретші біздің назарымызды нелерге бағыттайды?
3. Бірінші планда нелер бейнеленген? Артқы планда нені көріп тұрмыз?
4. Суретші өз туындысын қалай атаған? Ол тақырыпты аша алды ма?
5. Пейзаж шындыққа жанаса ма?
6. Бейнеленген нәрселердің өзара қатынасы қандай?
7. Шығармада өлшеу мен түс перспективасы шешілген бе?
8. Шығарма эскизі ырғақты ма?
9. Шығарма қандай колоритте жасалған?
10. Суретші шығарманың алдына қойылған мақсатқа жете алды ма?
11. Шығарманың басты идеясы суретшінің дүниетанымымен және ой-пікірімен астаса ма?
12. Сурет саған ұнай ма?
13. Саған пейзаждың қай жақтары ұнады?
14. Бұл шығарма саған не берді?

Портреттік шығарманы көркем қабылдау және талдау



81-сурет. Леонардо
Да Винчи. “Мона Лиза
Джоконда”.

Стендтік түстісурет бойынша өзінің әйгілі шығармаларын жасаған Ояну кезеңі суретшілерінің бірі – Леонардо Да Винчи болып табылады. Ол 1503–1505 жылдар аралығында өзінің ең таңдаулы шығармасы “Мона Лиза” атты портретін жасады. Аталмыш туындының дүниеге келгеніне 500 жылдан асса да, бұл шығармаға қызығу бір сәтке де бәсеңсіген жоқ. Миллиондаған көрермендер Америкада, Жапонияда және Ресейде ұйымдастырылған жылжымалы көрмелерде бұл шығарманы көру үшін күндіз-түні кезек күтіп тұрады. “Мона Лиза” шығармасы туралы жүз томнан астам кітаптар жазылғаны да шығарманың өте-мөте әйгілі екендігін дәлелдейді. Шығарманың көрермендерді таң-тамаша қалдыратын жері –

портрет бетінің құбылмалылығы. Ол біресе ренжулі, біресе шынайы, біресе байыпты, бірде назды көзқараспен қараса, тағы бірде оның келбетінен әлдеқандай жасырын мағынаны көргендей боласың. Портреттің артқы планында күрделі табиғат пейзажы бейнеленген. Әйел табиғаттың ажырамас бөлігі әрі онымен тығыз байланыста. Шашы, киіміндегі қыртыстар да табиғаттың ырғағын қайталап тұрған сияқты. Әйелдің көзқарасындағы шынайылық пен мейірбандық, тартымдылық пен сұлулық өзара үндесіп, мінсіз идеал адам бейнесін тұлғаландырады. Леонардо өзінің бүкіл өмірі барысында қылқаламынан туған барлық шығармаларын сатса да, “Мона Лизаны” ешқашан саудаға салмаған. Ол қайда барса да, “Мона Лизаны” өзімен бірге алып жүрген.

Портреттік шығарманы көркемдік тұрғыдан қабылдау және талдау бойынша нығайту сұрақтары:

1. Портретте кім бейнеленген?
2. Суретші біздің назарымызды нендей нәрсеге бағыттайды?
3. Портреттің негізінде қандай идея жатыр?
4. Портрет қалай салынған, әдеттегідей ме, әлде салтанатты ма?
5. Түстер портреттің идеясын қалай ашқан?
6. Шығармада түстер көлем мен перспективаны қалай көрсеткен?
7. Портреттің фоны қандай, оның ролі неден тұрады?
8. Бейнеленіп отырған образдың характері (көңілді, салмақты, ақылды, зерек, бейғам) қандай?
9. Портрет сенде қандай әсер қалдырды және қандай пікірлер туғызды?

17-практикалық сабақ

Практикалық сабақ шамамен 8 минутқа жоспарланады.

Онда мұғалім қысқа уақытта орындалатын белсенді оқыту әдістерін пайдалануы мүмкін. Мысалы, мұғалім оқушыларды үш яки төрт топқа бөліп, Венн диаграммасын, кластер әдістемесін пайдаланып, практикалық сабақ өткізе алады.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Неліктен стендтік түстісурет деп атаймыз?
2. Стендтік түстісурет шығармаларында нелер бейнеленеді?
3. Өзбекстанда түстісуреттің стендтік түрі қашан қалыптасқан?
4. Өзбекстанда стендтік түстісуреттің дамуына үлкен үлес қосқан суретшілерді білесің бе?
5. Н.Караханның “Алтын күз” шығармасындағы алдыңғы планда нелерді көруге болады?
6. Суретші өз шығармасында түстер мен өлшеу перспективасын қалай пайдаланған?

7. Леонардо Да Винчи өзінің әбден жетілдірілген “Мона Лиза” атты туындысын қашан салған?

8. “Мона Лиза” шығармасы көрермендерді несімен қайран қалдырады?

Үйге тапсырма:

Оқулықтан 17-сабақтың мазмұнын оқып, үйреніп келу.

СТЕНДТІК ТҮСТІСУРЕТ САЛАСЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСҚАН КӨРНЕКТІ ӨЗБЕКСТАН ЖӘНЕ ӘЛЕМ СУРЕТШІЛЕРІНІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Өзбекстан халық суретшісі Орал Таңсықбаев

Стендтік түстісурет саласында жемісті еңбек еткен пейзажист суретшілердің бірі, Өзбекстан халық суретшісі О.Таңсықбаев 1904 жылы Ташкент қаласында туылған. Ол арнайы үйірмеге қатысып жүріп, бейнелеу өнерінен алғашқы сабақты И.Репиннің шәкірті Н.Розановтан алды. Суретшінің тұңғыш шығармасы – “Тәшкенбаевтың портреті” 1927 жылы дүниеге келді. О.Таңсықбаев Ресейдің Пенза қаласындағы көркем педагогика училищесіне оқуға түсіп, И.Репиннің шәкірттері И.Горюшкин, Сорокопулов және Н.Петровтардан өнер сырларын үйренді. Жас суретші Пенза мұражайында бейнелеу өнері шығармаларының көшірмелерін салып, өз біліктілігін жетілдірді.

О.Таңсықбаевтың дербес шығармашылығы Өзбекстанда 1940 жылдан кейін басталды. Ол Екінші дүниежүзілік соғысынан зардап шеккен жерлерге делегациялар құрамында барып, алған әсерлерінің нәтижесі ретінде “Азат етілген жерлерде”, “Малғұнның жолы”, “Әуе шайқасы” сынды шығармаларын жазды. 1943 жылы оған “Өзбекстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері” атағы

берілді. Орал Таңсықбаев соғыстан кейінгі жылдарда “Салы өнімін жинап алу”, “Көктем”, “Мақтаны суару”, “Сүйікті өлкем”, “Ыстықкөл кеші”, “Тауда” секілді шығармаларын дүниеге әкелді. Суретшінің әйгілі туындыларының бірі “Өзбекстандағы наурыз” деп аталады.

Бұл шығармада күн нұрынан нәр алған шалғындықтар, гүлдеп тұрған ағаштар, арнасынан аса ағып жатқан өзен, өзенге қарай апаратын соқпақ жол, өзеннің арғы бетіндегі төбелер мен жағалаудың кедір-бұдырлары, қарлы таулар, күн нұрына шағылысқан ақша бұлттар көрген адамның жан сарайын жадыратып, көңіліне қуаныш дарытады. Суретшінің бұдан басқа да тамаша туындылары көп. “Таудағы көктем”, “Қайраққұм ГЭС-індегі таң”, “Ангрен аңғары” – солардың қатарына. Әсіресе “Қайраққұм ГЭС-індегі таң” шығармасы қылқалам шеберіне ерекше жетістік пен абырой әкелді. Шығармада бейнеленген нәрселер – теңіз, аспан, кеңістіктер колоритінің үйлесімі көрерменді еріксіз өзіне баурап алады. Пейзажда шөл дала, су, тау, аспан ірілендіріліп, жинақы түрде суреттелген. Республикамыздың тау бөктеріне орын тепкен бір ауылдың ақшамын бейнелейтін пейзаждық туынды “Тау ақшамы” деп аталды.

Бұл шығармада мүлгіген тыныштыққа бөккен заңғар таулар, енді ғана жағылған көше шамдары, үйлердің нақ жанынан ағып өткен зәмзәм су, сонымен қатар пейзажға өміршеңдік беріп тұрған ересектер мен балалар бейнелері сонадайдан көз тартады. Ымырт үйіріліп, таудағы ауылға кеш түсті. Құлағымызға сай суының гүрілі, шегірткелердің шырылдағаны, иттердің абалаған дауыстары естілгендей болады...

О.Таңсықбаев 1955–1960 жылдары көрермен қауымға “Сырдария”, “Тау жолы”, “Ангрен-Қоқан жолы”, “Ангрен өзені”, “Тауда”, “Хұмсан ақшамы”, “Шарбақ құрылысында” шығармаларын ұсынды, сондай-ақ атағын одаққа әйгілеген “Күзгі таң”, “Менің әнім”, “Шордария су қоймасында” секілді пейзаждық туындыларын жазды.



82-сурет. Орал Таңсықбаев.
“Өзбекстандағы наурыз”.



83-сурет. Орал Таңсықбаев.
“Менің әнім”.

О.Таңсықбаев шығармашылығының өзіне тән жағы – Отан-анаға деген сүйіспеншілік, оны ұлықтау, Өзбекстанның әсем әрі қайталанбас табиғатын пейзаждық шығармалар арқылы жырлау болды. Өзбекстан халық суретшісі О.Таңсықбаев бірнеше рет халықаралық көрмелерге өз шығармаларымен қатысып, күміс медальмен марапатталды. Ол отанымыздың өнерін дамытудағы жемісті еңбегі үшін үкіметіміздің бірқатар ордендері мен медальдарының иегері болды. Қылқалам шеберінің бірқатар еңбектері Мәскеудегі Третьяков галереясынан, Шығыс халықтары өнері мұражайынан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Молдова, Латвия, Өзбекстан өнері мұражайларынан лайықты орын алған.

Өзбекстан халық суретшісі Мәлік Набиев

М.Набиев 1916 жылы Ташкент қаласында туылған. Ол бейнелеу өнерінен алғашқы сабақты суретші Бахром Хамдамиден алған. 1933 жылы суретшілік училищесіне оқуға түсіп, оны 1937 жылы бітірді. Одан соң сол училищеде оқытушылықпен айналысты. 1962 жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының көркем графика факультетін бітіріп, өзінің өнер саласындағы шығармашылық қызметіне белсене кірісті. Ол

көптеген тарихи тұлғалардың портреттерін жасады және тарихи оқиғаларды қылқаламмен бейнелеп, өнерден өз орнын тапты. Тарихи тұлғалардың портреттерін жасау күрделі болуына қарамай, өзінің тынымсыз еңбегі, шығармашылық ізденістері нәтижесінде көптеген ұлы тұлғалардың портреттерін үздік деңгейде жасап, құрметке ие болды. Ол Бабыр бейнесін сомдау үдерісінде бірнеше жылдар бойы ізденістер жүргізіп, Бабыр өмір сүрген Әндіжан, Самарқанд қалаларына, сондай-ақ Ауғанстан, Үндістан сияқты мемлекеттерге қызмет сапарымен барып, Бабыр жөніндегі миниатюралық шығармаларды құнт қойып зерттеді. Қылқалам шеберінің тынымсыз ізденістері, қажырлы еңбегі зая кеткен жоқ. Ақыры ол 1962 жылы Захириддин Мұхаммед Бабырдың тамаша портретін жасады. Өнерсүйер жұртшылық бұл шығарманы жоғары бағалады.

1973 жылы Берунидің туылғанына 1000 жыл толуына байланысты республикада Беруни портретін жасау бойынша конкурс өткізілді. Мәлік Набиевтің қылқаламынан туған Беруни портреті бұл конкурста бірінші орынды жеңіп алды. Бұл портрет жөнінде ЮНЕСКО-ның “Курьер” журналы, сондай-ақ шет мемлекеттердің бірқатар басылымдары көлемді мақалалар жариялады.

М.Набиевтің шығармашылығындағы ең әйгілі тарихи тұлғалар портреттерінің бірі – 1993 жылы салынған “Әмір Темір” стендік түстісурет портреті болды. Суретші Әмір Темір сынды ұлы тұлғаның портретін жасауға өз өмірінің 50 жылын арнады. 1941 жылы Әмір Темірдің қабірі ашылып, көрегеннің бас сүйегі алынады. Орыс мүсіншісі М.Герасимов Әмір Темірдің бас сүйегі негізінде оның мүсінін жасауға кіріседі. Сол кезеңде суретші М.Набиев тарих мұражайынан Сайыпқыранның бас сүйегін өз көзімен көреді. Ол нақ сол кезден бастап Әмір Темірдің портретін жасауды өз алдына мақсат етіп қояды.

М.Набиев шығармашылық ізденістер үдерісінде Үндістан, Иран, Түркия, Англия, Франция және Испания секілді мемлекеттердің мұра-

жайлары мен китапханаларында сақтаулы тұрған Әмір Темірге қатысты миниатюра-лық шығармалар мен әдебиеттерді терең оқып шығады. 1993 жылы Әмір Темірдің бейнесін жасау бойынша жарияланған конкурсқа М.Набиев өзі жасаған Әмір Темір портретінің жетілмеген вариантын ұсынды. Конкурстың әділқазылар алқасы М.Набиевтің қолынан шыққан Әмір Темір портретін жеңімпаз деп жариялады. Конкурс қорытындысы бойынша өткізілген жиналысқа Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті И.Каримов қатысып, шығарма жөнінде төмендегі пікірлерді айтып өтті: “Мен өз өмірінің басым бөлігін әскери жорықтар мен сапарларда, елдің игілігі мен тыныштығын ойлаумен өткізген тұлғаның қолдары, саусақтары, кеудесі қандай болуы, бет-әлпеті мен көздері қандай мағынаны аңғартуға тиіс екені туралы өз ұсыныстарым мен пікірлерімді айттым. Содан соң Өзбекстан халық суретшісі М.Набиев сол пікірлер негізінде портретті қайта өңдеді. Сөйтіп, бүтіндей басқа тұлға – бүгінгі таңда халқымызға жақсы мәлім болған сайыпқыранның классикалық бейнесі пайда болды. Нақ сол бейне кейінірек елімізде Әмір Темір бабамызға атап құрылған барлық ескерткіштерге негіз қызмет етті” (И.Каримов. “Жоғары руханият – жеңілмес күш”. 2008 жыл. 151– 152-беттер). Мәлік Набиев азаттық жолындағы күресті бейнелейтін “Спитамен көтерілісі”, “Жы-



84-сурет. Мәлік Набиев.
“Әмір Темір портреті”.



85-сурет. Мәлік Набиев.
“Бабыр портреті”.

ззақ көтерілісі”, “Самарқанттағы қолөнершілер көтерілісі” сияқты бірқатар шығармаларды да дүниеге әкелді.

Өзбекстан халық суретшісі Абдулхак Абдуллаев

А.Абдуллаев 1918 жылы Қазақстанның Түркістан қаласында дүниеге келген. Ол портрет жанрында жемісті еңбек етіп, бүкіл өмірі барысында адамның сыртқы келбеті мен ішкі жандүниесін үйренуге, оның қыр-сырларын іздеп, шеберлікпен бейнелеуге ұмтылды. Түсбейне бағытында қалам тартқан суретші Түркістандағы мектеп-интернатта сауатын ашты. Оның мектептегі ұстазы жас Абдулхактың сурет салуға ұмтылысын, оның бойында тұнып тұрған талантты байқап, оған мектептегі сабақтан кейін көркемөнер техникумына түсіп оқуды ұсынды. Жас студент 1932 жылы өзінің “Әуіз бойында” деп аталған алғашқы туындысын дүниеге әкелді. Бұл шығарманы Мәскеудегі Шығыс халықтары өнері мемлекеттік мұражайы сатып алды. А.Абдуллаев техникум қабырғасында оқып жүрген шағында-ақ “Досымның портреті”, “Інім” деп аталатын шығармаларымен көзге түсіп, өнер әлеміне жаңа дарын иесінің кіріп келе жатқанын паш етті. 1937 жылы суретшіге “Сиыр сауу” туындысы үшін Мәскеуге туристік жолдама берілді. Ол өз естеліктерінде И.Репиннің Мәскеудегі Третьяков галереясында сақталатын портреттері бұны таң-тамаша қалдырғанын толғана баяндайды.

Қылқалам шебері Самарқанттағы суретшілік техникумын бітірген соң, 1938–1941 жылдары Мәскеу суретшілік институтында білім алды. Ол “Аброр Хидоятовтың Отелло роліндегі портреті”, “Маннон Ұйғыр портреті”, “Ұста Шырын Мұрадов портреті”, “Айбек портреті” шығармаларымен танылды. “Отелло” спектаклін тамашалаған соң, суретші А.Хидоятов бейнесіндегі Отеллоның образын сомдады. Актер бейнесінен өзіне деген сенім, ерік күші, буырқанған бұла қайрат, тоқтаусыз алға ұмтылу ай-

қын көрініп тұрды. Қылқалам шебері сомдалған образдың көрермендерге көрсететін ықпалын күшейте түсу үшін актердің тұлғасын сурет бетінің шекараларына тарата бейнеледі. Шығармадағы қою қызыл, қоңырқай, ашық сары түстер Отеллоның рухани көңіл күйін аша түсуге қызмет еткен. Суретшінің 1956–1960 жылдары Үндістанға, Африкаға және Индонезияға жасаған саяхаттары оған шығармашылық шабыт берді. 1957 жылы ол сол сапар әсерлері негізінде “Индира Ганди”, 1964 жылы “Үнді әйелі”, “Джайпурда”, “Ұлттық киімдегі сингх”, “Индонезиялық бас киімдегі автопортрет”, 1966 жылы “Француз тілі оқытушысы”, “Синегалдық жігіт” сынды портреттік туындыларды ұсынды.

А.Абдуллаев “Сабыр Абдулла”, “Әже мен немере”, “Мәлике” секілді портреттік шығармаларын жасау кезінде жүрекке жылы тиетін қанық түстерді ұтымды пайдаланған. 1973 жылы оның қылқаламынан туған “Жер перзенті” шығармасында портреттің фонында пейзаждық көріністер асқан шеберлікпен ұтымды пайдаланылған. Суретші 1970–1980 жылдарда ұлы ақын Әлішер Науаи портретінің бірнеше варианттарын салды.

Суретшінің шығармалары жөнінде көптеген пікірлер айтуға болады. Бірақ оның



86-rasm. Abdulhaq Abdullaev. “Buvi va nabira”



87-rasm. Abdulhaq Abdullaev. “Abror Hidoyatovning Otello rolidagi portreti”

эйгілі портреттеріне жеке-дара тоқталып өтпесек болмайды. Бұлар – Әлішер Науаи, Фупкат, Аброр Хидоят, Маннон Ұйғыр, Назарәлі Ниязов, Маматисақ ата Тошматов, Айбек, Хамза, Абдулла Қаһар, Тураб Тула, Хабиби, Ибрахим Рахым, Чингиз Ахмаров, Хамит Әлімжан, Саид Ахмад, Шайхзада, Иззат Сұлтан, Қары Ниязи, Міртемір, Шухрат, Ұста Шырын Мурадов, Сабыр Абдулла, Шукурулла, Хамит Ғұлам, Камил Яшин тақылеттес ғылым мен әдебиет, өнер қайраткерлері, жанқияр азаматтар, ғұламалар болып табылады. А.Абдуллаев шығармалары әлемдегі ең беделді мұражайлардан орын алған.

Рафаэль Санти

Ояну кезеңінің ұлы суретшісі Рафаэль Санти 1483 жылы Италияның Урбино қаласында дүниеге келіп, 1520 жылы Римде қайтыс болған. Ол суретшілік білімді ұстазы, әйгілі қылқалам шебері Перуджинодан алды. Рафаэль шығармашылығының басты идеясы – адамгершілік, адам жанының сұлулығын жырлау болып табылады.



88-сурет. Рафаэль Санти.
“Сикстин Мадоннасы”.

Суретшінің алғашқы туындылары “Рыцарь ұйқысы”, “Марияның некесі” деп аталады. Бұл туындылар суретшіге үлкен абырой мен бедел әкелді. Рафаэль Сантидің портрет жанрында жасаған мадонналық туындылары: “Мадонна Конестабелс”, “Мадонна Грандука”, “Мадонна Альба”, “Мадонна ди Фолино” сияқтылар жұртшылықтың назар-ілтисатына бөленді.

Суретшінің 1515–1519 жылдарда асқан жоғары көркемдік деңгейде салынған әйгілі шығармасы – “Сикстин Мадоннасы”. Аңыздар негізінде салынған бұл шығарма Германиядағы Дрезден сурет галерея-

сында сақталады. Рафаэль аталмыш туындысында Бибі Мариямның бала көтеріп аспаннан жерге түсіп келе жатқаны, оны әулие Сикстин мен қасиетті Варбара қарсы алып тұрғаны, Бибі Марияның адамзатты сақтап қалу үшін өз ұлын құрбан етіп, қос періште арқылы оны адамзатқа ұсынуы асқан шеберлікпен бейнеленген. Суреткердің “Табытқа салу”, “Станса дела Сениатура”, “Папа Юлий II”, “Кардинал портреті”, “Б.Кастилонье”, “Лео X кардиналдар ортасында” шығармалары, сондай-ақ монументалдық түстісурет туындылары болып табылатын “Пікірталас”, “Афина мектебі”, “Парнас”, “Ақыл, өлшем және күш” секілді картиналары жұртшылықтың ыстық ықыласына ие болып, оған үлкен даңқ пен абырой әкелді.

Брюллов Карл Павлович

Көрнекті орыс суретшісі К.П.Брюллов 1799 жылы Петербургта туылып, 1852 жылы қайтыс болған. Ол Петербург Көркем академиясында білім алған. Германияның Дрезден, Мюнхен бейнелеу өнері галереясында оқып, ұлы суреткерлер шығармашылығын үйренген. 1823–1835 жылдары Испанияда жасап, Ояну кезеңі суреткерлерінің және олардың ізбасарларының шығармашылығымен танысты. Италиядағы қызметі барысында “Италия таңы” (1823), “Италиядағы түс кезі” (1827), “Шабандоз әйел” (1832), “Самойлованың Д.Пачини және араб сәбиімен портреті” (1832–1834), “Крылов пртреті” (1839) рәуішті шығармаларымен құрметке бөленді.

Суретші шығармашылығында адам жанының сұлулығы мен драматизм, реалистік дәстүрлер басты орынды иелейді. Оның “Помпейдің соңғы күні”, “М.Ланчи портреті” атты туындыларынан бейнелеу



89-сурет. Карл Брюллов. “Шабандоз әйел”.

өнерінің дәстүрлі бағыттарын көруге болады. Ол бейнелеу өнеріне романтизм ағымын енгізді.

Шишкин Иван Иванович

Әйгілі орыс суретшісі И.Шишкин 1832 жылы Татарстанның Елабұға деревнясында туылып, 1898 жылы Петербургте дүниеден өткен. Ол 1852–1856 жылдары Мәскеудегі суретшілік, мүсіншілік және сәулеткерлік училищесінде алғашқы білімін алды. 1856–1860 жылдарда Көркем академияда оқыған. Бейнелеу өнерінің пейзаж жанрында шығармашылықпен айналысқан суретші Ресей табиғатының қай-таланбас сұлулығы мен ұлылығын жырлаған. Оның қылқаламынан 1878–1891 жылдарда туған “Ормандағы диірмен”, “Емензар”, “Қарағай алқабындағы таң”, “Қайыңзар”, “Бидай алқабы”, “Жабайы солтүстікте”, “Кемебап ағаштар орманы”, “Қыс” сынды туындылары



90-сурет. Иван Шишкин. “Қарағай орманындағы таң”.



91-сурет. Иван Шишкин. “Қарағай орманы”.

айрықша назар аударуға тұрады. Шишкиннің шығармалары Киев, Мәскеу бейнелеу өнері мұражайлары мен галереяларынан, сонымен қатар Өзбекстан бейнелеу өнері мұражайынан лайықты орын иеленген. Ол академик атағын алған.

Репин Илья Ефимович

Атақты орыс суретшісі И.Репин 1844 жылы Украинаның Харьков облысындағы Чугуев деревнясында туылып, 1938 жылы Петербург түбіндегі Куоккалада қайтыс болған. И.Репин 1864–1871 жылдарда Петербург Көркемөнер академиясында оқыған. Ресейді және шетелдерді бойлап жасаған саяхаттары негізінде портрет, тұрмыстық және тарихи жанрлар бойынша көптеген шығармалар жасады. Өзінің шығармаларында адамдардың ауыр тұрмысын, әділетсіздікті, орыс халқының әлеуметтік өміріндегі қарама-қарсылықтарды реалистік тұрғыдан бейнеледі. Бұндай шығармалар қатарына 1870–1885 жылдарда дүниеге келген “Волга бурлактары”, “Курск губерниясындағы крест жорығы”, “Күтпеген болатын”, “Тәубеден бас тарту” тақылеттес туындыларды қосуға болады.

Суретшінің тарихи оқиғаларды өміршең, әсерлі етіп суреттеген “Иван Грозный және оның ұлы Иван”, “Запорожьеліктер түрік сұлтанына хат жазуда” атты шығармалары айрықша танымал. 1885–1891



92-сурет. Илья Репин.
“Запорожьеліктер түрік сұлтанына хат
жазу үстінде”.



93-сурет.
Илья Репин.
“Менделеевтің
портреті”.

жылдарда И.Репин В.Стасов, М.Мусоргский, Л.Н.Толстой, И.Павлов сияқты әйгілі өнер қайраткерлерінің, жазушылар мен ғалымдардың портреттерін жасап, портрет жанрында жемісті еңбек етті. Ол көп жылдар бойы Петербург Көркемөнер академиясында ректорлық етіп, жас суретшілерге тәлім сырларын үйретті. Оның шығармалары Мәскеудегі бейнелеу өнері мұражайы мен Третьяков галереясында, Өзбекстан бейнелеу өнері мұражайында және әлемнің көптеген өнер мұражайларында сақтаулы тұр.

18-практикалық сабақ

Практикалық сабақ үдерісінде суретшінің шығармаларын көркемдік тұрғыдан бағала.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. О.Таңсықбаев алғашқы сабақты қай жерден алған?
2. О. Таңсықбаевтың әйгілі шығармасы қалай аталады?

3. М.Набиев қашан және қай жерде дүниеге келген?
4. М.Набиевтің ең әйгілі тарихи портрет шығармасы қалай аталады?
5. А.Абдуллаевтың алғашқы шығармасының атын білесің бе?
6. К.Брюллов қай жерде туылған?
7. И.Шишкин қайсы жанр бойынша шығармашылықпен шұғылданған?
8. И.Репин өз туындыларында қандай оқиғаларды бейнелейді?

Үйге тапсырма:

18-сабақтың тақырыбын оқу, сұхбат дәптеріне Өзбекстан және әлем суретшілерінің әйгілі шығармаларынан үшеу-үшеуден жазу және сол суретшілердің аты-жөндерін жазып қою.

НАТЮРМОРТ КОМПОЗИЦИЯСЫ

Натюрморт – французша “жансыз табиғат” деген мағынаны білдіреді. Онда гүлдер, жеміс-жидектер, көкөністер, үй жиһаздары, құстар мен кішкентай жануарлардың тұлымдары және басқалар бейнеленеді. Натюрморт XVII ғасырдың бас кезінде Голландияда пайда болған. Натюрморттың композициясы өзге де жанрлар қатарында өзінің бойына бірер мазмұнды, мақсатты жинақтайды. Натюрморт композициясы дегенде, тақырып негізінде сурет салу үшін үстел бетіне әр түрлі заттардың жан-жақты ойластырылып, шеберлікпен орналастырылуы ескеріледі. Композиция өнердің өте көп түрлері мен жанрларына тән, ол суретшінің идеясын тандалған сюжеттер арқылы бейнелеп береді. Натюрморт композициясын жасау кезінде шағын нәрселерді алға таман, ал ірі заттар мен нәрселерді арт жаққа қойған мақұл. Натюрмортқа фон, яғни оң таңдағанда ашық түсті, жарқын реңктегі заттар мен бұйымдар үшін қоюырақ өң, ал қою реңкті натюрморт құрылымы үшін ашықтау өң ұсынылады. Натюрморттарды заттың немесе бұйымның кеңістіктегі күйін және полотно қойылған үстелдің бетін көрсетіп бейнелеу үшін композицияны көкжиек сызығынан төмендеу етіп орналастыру керек.

Тақырып негізінде натюрморт композициясы жасалған соң, ол жақсылап тексеріледі де, шамамен 7х4 см шағын өлшемде натюрморттың әлі жетілмеген бейнесі сызылады. Оны қағазға орналастыру ең маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Қағаз бетіндегі алғашқы жоспар – үстелдің беті мен натюрморттың жалпы өлшемі: ені, биіктігі белгіленеді. Кейінгі басқышта ондағы нәрселердің жеке өлшемдерін белгілеп алу қате болады. Натюрморт салудың одан соңғы басқышында симметриялық заттар үшін симметрия сызығын, заттар пішінінің кеңістіктегі орналасуын және перспектива-



Басқышты үлгі натюрморт.


лық қысқаруын көрсетуге назар аударылады. Қосалқы сызықтар негізінде орналастырылып, салынған натюрморттың артық сызықтары өшіріледі. Ол қаламмен анық етіп сызылады. Заттар мен нәрселердің сәулесі мен көлеңкесі, рефлексі, түсетін көлеңкесі, блик бөлігі, жартылай көлеңкесі графикамен немесе түстермен бейнеленіп, олардың көлемдері көрсетіледі. Натюрморт түпнұсқаға ұқсайтын болуы үшін салынып жатқан суреттің түсін, пішінін және сәулелі көлеңкесін қайта-қайта салыстырып тұру керек.



94-сурет. Қудратилла Мирахмедов. “Фарфор шайнекті және ұлттық

19-практикалық сабақ

Цилиндр мен пирамидадан құралған натюрморт эскизін жасау



Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Натюрморт термині қандай мағынаны білдіреді?
2. Натюрморт қашан және қай жерде пайда болған?
3. Натюоморт композициясы қалай құрылады?
4. Натюрморттағы көлем қалай көрсетіледі?
5. “Фарфор шайнекті және ұлттық пиалалы натюрморттардың” авторы кім?

Үйге тапсырма:

“Оқу құралдары” тақырыбы бойынша үш оқу құралынан тұратын натюрморт композициясын жасап келу.

“КӨКТЕМГІ ЖҰМЫСТАР” ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СЮЖЕТТІ КАРТИНА ЭСКИЗІН ЖАСАУ 3-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Бақылау жұмысын орындау үшін сюжетті картина жасау тақырыбы бойынша алған білімдеріңді, сондай-ақ “Көктемгі жұмыстар” тақырыбына жасаған сюжетті композиция эскиздерін есіңе түсір. Егістіктерде, махаллаларда, бақшаларда, ауламызда көктем қарсаңында жүзеге асырылатын жұмыстар негізінде эскиздер жаса. Бұл эскиздерде еңбек үдерісін, образдардың іс-әрекетін бейнеле. Сюжетті картина композициясын жасауды қысқа уақытта орындалатын шала суреттер сызу ережелерін сақтай отырып жүргіз.

ТҮСТІСУРЕТ ӘДІСІМЕН СЮЖЕТТІ КАРТИНА ЭСКИЗІН ЖАСАУ

Қадірлі оқушылар, сендер бұрынғы сабақтарда стендтік түстісурет пен өнердің осы түрі бойынша шығармалар жасаған Өзбекстанның және әлемнің әйгілі суретшілерінің өмірімен, шығармашылық қызметімен таныстыңдар.



95-сурет. Леонардо да Винчи.
“Сырлы түн”.

Олардың шығармаларын көркемдік тұрғыдан қабылдап, талдадыңдар. Шығармалардың қайсы жанр бойынша салынғанына карамай, олардың барлығында суретшінің идеясы, пікірі, мақсаты және дүниетанымы бейнеленетінін біліп алдыңдар. Суреткер образдар, оқиғалар, заттар, түстер көмегімен өз идеясын паш ете алатынын үйрендіңдер. Сюжет француз тілінде зат, бұйым, іс-әрекет деген мағынаны аңғартады. Бейнелеу өнерінде – бейнеленген зат немесе оқиға түсініледі. Сюжетті картинада – тұрмыстық оқиғалар, көріністер, іс-әрекеттер суреттеледі. Бейнелеу өнерінің портрет, натюрморт, пейзаж және басқа жанрларындағы шығармалардан сюжетті картинаның мазмұнын, идеясын, өміршеңдігін алуға болады. Сюжетті картиналар бірнеше түрлерге бөлінеді.

1. Тарихи мазмұнда салынған картиналар сюжетінде тарихи оқиғалар мен құбылыстар бейнеленеді.
2. Тұрмыстық мазмұнда салынған картиналар сюжетінде күнделікті өмір, туризм, еңбек сипатталады.
3. Мифологиялық мазмұнда салынған картиналар сюжетінде аңыздық образдар мен оқиғалар суреттеледі.

Жоғарыдағы суретші шығармасына зер салыңдар. Шығарманың сюжеті қайсы жанрға тән екенін, қай мазмұнда салынғанын біліп алыңдар.

Ояну кезеңінің қайталанбас суреткері Леонардо да Винчидің ең әйгілі шығармаларының бірі “Сырлы түн” деп аталады. Шығармада Иса пайғамбар ғибадатханада болған оқиғаны өз шәкірттерімен бірге талқылауы бейнеленеді. 1495–1497 жылдарда дүниеге келген тарихи мазмұндағы шығармада тарихи оқиғалар көрініс тапқан.



96-сурет. З.Фахриддинов.
“Жөндеушілер”.



97-сурет. Владимир Гобозов.
“Икардың құлауы”.

Күнделікті өмірді сипаттайтын “Жөндеушілер” шығармасын суретші З.Фахриддинов салған.


Аңыздың образ бен оқиғалар суреттелетін “Икардың құлауы” деп аталатын шығарманың авторы – суретші Владимир Гобозов.

21–22-практикалық сабақ

Әдеби шығарма сюжеті негізінде композиция жасау

Өзің оқыған әдеби шығарманың мазмұнын таңда. Әдеби шығармадағы оқиғаларды, іс-әрекеттер мен көріністерді суреттейтін шала эскиз варианттарын сыз. Шикі эскиз варианттарын сызуға жаттығу

қаншалықты көп орындалса, сюжетті композицияларды табу кезінде жақсы нәтиже береді. Сызылған эскиз варианттары арасынан ұнағанын тандап, оны жан-жақты байытып, қорытқан соң ғана сюжетті картинаның композициясын бейнеле.



Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Сюжет дегенде нені түсінесің?
2. Сюжетті картинада нелер кескінделеді?
3. Мифологиялық шығарма нелерді бейнелейді?
4. Тарихи мазмұндағы шығармадан нелерді көресің?
5. Суретші З.Фахриддиновтың шығармасында қандай мазмұн мен сипат бар?

Үйге тапсырма:

Әдеби шығарманың сюжеті негізінде сызылған композицияны бояп, жай қара қаламмен сюжетті картинаның басқа вариантын жасап келу.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАНЫҢ СЮЖЕТІ НЕГІЗІНДЕ ТӘУЕЛСІЗ КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Сюжет және сюжетті картина туралы алған білімдерің негізінде 3-бақылау жұмысын орындандар. Бұнда төмендегі ережелерге мойынсұнындар.

1. Өзің білетін әдеби шығарманы, ертегіні, әңгіме мен дастанды таңда.
2. Ертегідегі яки әңгімедегі оқиғаларды санаңда қорытып, жадына сақтап ал.
3. Ертегідегі немесе әңгімедегі оқиғалар мен іс-әрекеттерді, образдарды есіңе түсіріп, көз алдыңа келтір.
4. Ертегідегі немесе әңгімедегі образдарға байланысты қандай ға-жайыштар, оқиғалар, әрекеттер болды?
5. Сол оқиғаларды, әрекеттерді, образдарды жадыңнан қағазға көшіріп, эскиз варианттарын жаса.
6. Эскиз варианттарын жасау кезінде жедел орындалатын шикі сызбаларды пайдалан.
7. Ең жақсы шыққан эскизді басқа эскиздермен байланыстыра қорытып, сюжетті картина композициясын жаса.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ПЕЙЗАЖ ЖАНРЫ

Пейзаж жанры (французша “*landscape*”) – табиғат бейнесі, көрінісі дегенді білдіреді. Пейзаж жанрында таулар, ормандар, далалар, көлдер мен өзендер, көшелер мен үйлер бейнеленеді.

О.Таңсықбаевтың тау пейзаждары, И.Левитан мен И.Шишкиннің орман пейзаждары, И.Айвазовский мен Р.Кенттің теңіз пейзаждары

кез келген адамды таңдай қақтырып, өзіне баурап алары сөзсіз. Пейзаж – бейнелеу өнерінің ірі жанрларының бірі. Суретшілер бұл жанр арқылы табиғатқа, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін білдіреді. Табиғат көріністерін кескіндеу УІІ ғасырда Қытай сурет өнерінде пайда болған.

Пейзаж жанры тәуелсіз жанр ретінде Еуропаның бейнелеу өнерінде ХVІІ ғасырдан бастап дамыды. Бұл жанр Голландия түстісурет өнерінде кең қанат жайды.

Табиғат пейзаждары ХVІІ ғасырда портреттік шығармалардың фоны ретінде қызмет атқарған. ХІХ ғасырда пейзаждың жаңа қала, жаңа бау деген түрлері гүлдене бастады. Адамның табиғатқа эмоционалдық қарым-қатынасы, психологиялық мазмұн пейзаждан өз орнын иелеуге өтті. Пейзаждық шығармаларда тек табиғат көрінісі суреттеліп қана қалмай, белгілі бір идея алға қойылатын болды.

Суретші пейзаждық шығарманы салудан бұрын өз картинасында алға қоймақшы болған идеясын анық бағамдап алады. Ол туылатын шығармасы үшін табиғаттан кейбір нәрселерді, мәселен, ағаштың діңі, бұтағы сияқтыларды, үйді, көшені, көлік құралдарын және басқаларды сол нысанның өзіне қарап сызады.



98-сурет. Орал Таңсықбаев.
“Туған өлкем”.



99-сурет. А.Момынов.
“Бадам гүлдегенде”.

Пейзаж салғанда жоспарды дұрыс бейнелей білудің, ең жақын жердегі нәрселердің алдыңғы планға, ұзақтау орналасқандары екінші планға өтетінін, заттар ұзақтаған сайын өлшемі кішірейе беретінін ескерудің маңызы ерекше. Ауа перспективасы ережесіне орай, суретші ұзақтау нәрселердің түсін жақындағы нәрселердің түсіне қарағанда солғындау етіп бояп, бұл ерекшеліктерді өз шығармасында көрсете білуге тиісті. Суретші өз шығармаларында табиғаттың түрлі күйлерін де ұтымды бейнелеуі керек.



100-сурет. И.Айвазовский.
“Тоғызыншы толқын”.



101-сурет. И.Левитан. “Март”.

24–25-практикалық сабақ

Еркін тақырыпқа пейзаж салу


Сен табиғаттың түрлі күйлеріне талай рет куә болғансың. Көктем мен күзде жаңбыр жауардан бұрын қатты жел тұрып, шаң-тозаң көтерілетінін, найзағай жарқылдап, күннің күркірегенін, жаңбырдың кейде қатты жауып, кейде болар-болмас сіркірегенін, қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз тоңған табиғаттың аяқ астынан құбылып, аспан



эскиз варианты




үлгі шығарма



I эскиз варианты



II үлгі шығарма



III эскиз варианты

шайдай ашылып, күннің жарқырап шыға келгенін, мың құлпырған кемпірқосақтың пайда болуын талай рет көргенсің.

Табиғаттың қайсы күйін сызбақшы болғаныңды анық белгілеп ал.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Пейзаж термині қандай мағынаны білдіреді?
2. Табиғат көріністерін бейнелеу қашан, қай жерде пайда болған?
3. Пейзаждың қала, бау-бақша сияқты түрлері қай ғасырдан бастап дамыды?
4. Пейзаж салғанда алдыңғы және артқы пландардың маңызы бар ма?
5. “Туған өлкем”деп аталатын пейзаж шығармасы қайсы суретшінің қолынан шыққан?

Үйге тапсырма:

Еркін тақырыптағы пейзаж немесе жаңбырлы күн тақырыбына эскиздер вариантын жасап келу.

ГРАФИКАЛЫҚ ЖҰМЫС (МЕКТЕПТІҢ, СЫНЫПТЫҢ ЭМБЛЕМАСЫН ЖАСАУ)

Эмблема – грек тілінен аударғанда бірер идеяны шартты түрде бейнелеу деген мағынаны білдіреді. Мәселен, вазаға оралған жылан бейнесі – медицинаның, кітап – білім мен руханияттың, жер шары – халықаралық шеңбердің, көгершін – бейбітшіліктің белгісі ретінде қолданылады. Мектеп эмблемасын бейнелегенде мазмұн идея төмендегі бағыттарды қамтуға тиіс:

1. Мектеп білім ордасы болғандықтан, онда кітаптың бейнесі болуы керек.

2. Мектеп зия, нұр тарататын мекен болғандықтан, онда күннің бейнесін пайдалануға болады.



Үлгі эмблемалар бейнелері.

3. Эмблемада мектептің нөмірі және облыстың, қаланың, ауданның аты жазылады.

4. Мектепте бірер пән немесе өнер тереңдетіліп оқытылатын болса, сол пәннің немесе өнердің белгісі кескінделеді.

5. Мектепте әрқашан алғашқы және соңғы қоңырау соғылатындықтан, қоңырау бейнесін қолдануға да болады.


6. Эмблема түрлі геометриялық пішіндер ішінде кескінделуі мүмкін.

7. Эмблемада кітап бейнесінің көрінісін тек тура қарағанда ғана емес, жоғарыдан қарағанда көрінетін күйде кескіндеп орналастыруға да болады.

Эмблемалардың эскиз варианттарын қарап, өз мектебің эмблемасының вариантын бейнеле. Жазуларды орналастыру барысында симметрия сызығын пайдалан. Мектеп сөзін эмблеманың ортасына орналастыру үшін қақ ортадан тік симметрия сызығы жүргізіледі. Мектеп сөзі 6 әріптен тұрады. Демек, симметрия сызығының сол жағына үш әріп, оң жағына үш әріп орналастырылады.

26-практикалық сабақ

Сынып эмблемасын кескіндегенде мазмұн мен идея төмендегідей бағыттарды қамтуы мүмкін:



Эмблемалар эскиздерінің варианттары.

1. Эмблемада сынып санын жазу.
 2. Эмблемада сынып тобының атын жазу және соған сәйкес сурет салу.
 3. Эмблемада сынып ұранын жазу.
 4. Эмблема әр қилы геометриялық пішіндер ішіне орналастырылуы мүмкін.
- Эмблемалардың эскиз варианттарына зер сал. Өзіңе ұнаған пішіннің ішіне сыныбыңның эмблемасын орналастыр.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Эмблема қандай мағынаны білдіреді?
2. Медицина эмблемасында қандай бейне бар?
3. Жер шарының бейнесі нені аңғартады?
4. Мектеп эмблемасы үшін нелердің бейнелерін пайдалануға болады?

Үйге тапсырма:

Сынып эмблемасының басқа да варианттарын жасап келу.

IV ТОҚСАН

Қадірлі оқушылар, сендер бұл тоқсанда негізінен бейнелеу өнерінің портрет жанры туралы теориялық және практикалық мәліметтерінді байытасыздар. Суретшілердің портреттік шығармаларымен танысып, оларды талдауды үйренесіздер. Өзбек және әлемдік бейнелеу өнері шеберлерінің қолдарынан шыққан тарихи, мифологиялық және сюжеттік портреттерді тамашалап, өзің де сол бағыт бойынша ұлы бабаларымыздың, аңыздық кейіпкерлердің портреттерін жасайсыздар.

Сонымен қатар портрет салудың ең негізгі ереже-талаптарын үйреніп аласыздар. Қолдарыңнан шыққан суреттерді көрмеге қалай дайындап, безендіру керектігін біліп аласыздар.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ ТАРИХИ НЕМЕСЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАРҒА ЖАСАЛҒАН ПОРТРЕТТЕРДІ КӨРКЕМДІК ТҰРҒЫДАН ТАНУ

Портрет – француздың “portrait” сөзінен алынған, адамның немесе адамдардың бет бейнесін кескіндеу деген мағынаны білдіреді. Портрет жанрында адамның сыртқы келбеті ішкі жан дүниесімен бірге кескінделеді. Суретші портретті салу барысында алдымен кескінделушіні нақ өзіндей етіп кескіндеуге ұмтылады және оны тек өзіне ұқсатып салумен ғана шектеліп қалмай, кескінделушінің маңызды ерекшеліктері мен белгілерін, жеке басының қасиеттерін, сол кезеңді жалпыландыра отырып кесек образ жасауды көздейді..

Портрет бірнеше түрлерге бөлінеді:

1. Индивидуальдық портрет (тек бір образ кескінделеді).
2. Жұптылыққа негізделген портрет (қос образ кескінделеді).
3. Топтық портрет (бір топ образдар кескінделеді).
4. Салтанатты, ресми, патшалық портрет (ең әдемі киімдермен кескінделеді).
5. Психологиялық портрет (күлкі, қайға, жымыс, мұңаю, жылау, қорқу күйлері кескінделеді).
6. Автопортрет (суретші айнаға қарап отырып өзін-өзі кескіндейді).
7. Тарихи портрет (тарихи тұлғалар образдары кескінделеді).
8. Мифологиялық портрет (аңыздық образдар кескінделеді).



102-сурет.
М.Музаххиб.
“Әлішер Науаидың
портреті”.



103-сурет.
В.Кайдалов.
“Әлішер Науаи
портреті”.

Тарихи тұлғалардың образдарын сомдау суреткерден өте үлкен ізденісті, қажырлы еңбекті талап етеді. Тарихи тұлға жөнінде мәліметтер – фотолар, суреттер, қолжазбалар секілді материалдарды жинап, терең зерттеу, эскиз варианттарын жасау солардың қатарына жатады. Біз бұдан бұрынғы тоқсанда Әмір Темір бабамыздың бейнесін сомдау жолында суретші М.Набиевтің қажырлы ізденістер жүргізгені туралы оқыған болатынбыз. Бұл тарихи портрет жасаудың өте-мөте күрделі екендігіне жарқын мысал бола алады.

Мифологиялық портреттерді сомдау суретшіден сол тақырып бойынша дастан, жыр, аңызға айналған образ туралы мәліметтер жинау, оларды терең зерттеу, оқу және аңыздық

образ эскиздерін жасап, үздіксіз іздену талап етіледі. Ұлы бабамыз Әлішер Науаи портретін жасау бойынша конкурс жарияланғанда, В.Кайдаловтың қылқаламынан 1947 жылы туған “Әлішер Науаи” тарихи портреті алдымен тілге алынды.

Суретші көп жылдар бойы тынымсыз ізденіп, тұла бойы шығармашылық шабыт пен жігерге толы, жан-жақты кемелденген ұлы ақынның, көрнекті мемлекет қайраткерінің образын сомдап шығарды. Портрет терезе алдына қойылған гүл арқылы ақын шығармашылығының нағыз гүлденген кезеңін аңғартып тұруымен ерекшеленетін еді.

XV ғасырда Камолиддин Бехзод, М.Мухомедовтер миниатюра әдісімен, ал XX ғасырда В.Кайдалов, К.Башаров және басқалар графика мен түстісурет әдісін қолданып, Әлішер Науаидың қайталанбас бейнесін, Өзбекстан халық суретшісі Абдулхак Абдуллаев та он жылдық ізденістері нәтижесінде өзіне тән ерекшеліктері бар ұлы ақын образын сомдай алды.

Портреттік шығармаларды талдауға қатысты білімдер тікелей өзіне тән жүйе бойынша үйреніледі. Ал білімдер қайнары шығарманың өз бойына жинақталған. Шығармадағы маңызды жақтар қарастырылып, солар негізінде суретші сомдаған көркем образ айқындалады.

Суретші шығармаларын түсініп қабылдау және оны талдай білу шығарма туралы идеяны ұғынып, біртұтас түсінікке ие болуға көмектеседі. Тақырыпқа қатысты репродук-



104-сурет. Абдулхак Абдуллаев. “Әлішер Науаи” портреті.



105-сурет. Әлішер Әліқұлов. “Әлішер Науаи” портреті.

циялар мен слайдтарды көру, бақылау, талдау, бақылағаннан кейін жазбаша немесе ауызша түрде қайталау машықтарын орындау үйренушінің шығармаларды дұрыс қабылдауына және талдай білу біліктерін дамытуыларына септігін тигізеді.

Картинаны ұғыну жүйесі шығармамен алғашқы танысу үдерісін қамтиды. Портрет шығармасын ұғыну шамамен үш басқыш бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші басқышта – суреттің жалпы мағынасымен танысу, образ бен образдарды сезіну, композиция орталығын, детальдарын, кеңістіктегі орналасуын анықтау сынды міндеттерді қамтиды.

Екінші басқышта – шығарма тағы бір рет мұқият зерттеледі. Талдау мәліметтері қорытылады. Шығарманың тілі, образдың түзілісі, идеялық мазмұны үйреніледі. Бұнда суретшінің пікірі, идеясы талдаушының пікіріне айнала бастайды.

Үшінші басқышта – шығарма толық және жан-жақты ұғынылып, бағаланады. Туынды шығармашылық тұрғыдан егжей-тегжейлі талданып, идеялық, моральдық және эстетикалық тұрғыдан ықпал жүргізе алатын себепшартқа айналады. Портрет зерттеліп болған соң, одан адамдардың тұрмысы, моральдық қағидаттары, әлеуметтік қарым-қатынастары, заманға тән басқа да нәрселер айқындала түскенін көруге болады.

Портреттік шығармаларды талдағанда төмендегі сұрақтарды пайдалану ұсынылады:

1. Портрете кім бейнеленген?
2. Портрет негізінде қандай идея жатыр?
3. Портрет қандай көріністе кескінделген: әдеттегідей ме, әлде салтанатты ма?

Осыған ұқсас жалпы сұрақтар берілгеннен кейін шығарманың идеясына, суретшінің пікірін айқындайтын бейнелеу және кескіндеу құралдарына назар аударылады.

Композиция – негізгі образ және оның айналасындағы нәрселердің орналасуы, суреттегі заттар мен бұйымдар, олардың орны мен маңызы, детальдар, міндеттері.

Нобай – суреттелетін нәрселердің пішіні, көлемі, орналасуы, түр-сипатын ашудың маңызы.

Перспектива – негізгі фигураның композициялық күйіне қатысты маңызы.

Колориті қандай?

Түстердің жалпы гаммасы портреттің идеясын қалай ашып тұр?

Түстердің сапасы, бір түстің өзге түстерге өтуі қандай?

Түстер бір-бірімен үндесе қосылып тұр ма?

Түс көлем мен перспективаны қалай көрсетуде?

Бас, қол-аяқтар, киімдер қандай түстермен берілген?

Суреттің фоны қандай, оның маңызы нелерден тұрады?

Фактура – суретшінің мазогі, қолтаңбасы, нәрселердің кескінделуі қандай?

Суретші портретті оған тән индивидуальды психологиялық сипатпен сала білген бе?



106-сурет.
Т.Саъдуллаев. “Науаи
мен Бехзод”.



107-сурет. В.Кайдалов. “Алпамыс”.



108-сурет. Т. Куриязов.
“Мангуберді”.

Портреттегі образдың жасын, міндетін, өзгелермен қарым-қатынасын анықта.

Образдың мінез-құлқы (көңілді, салмақты, ақылды, зерек, бейғам) қандай?

Портретті ұғыну кезінде сенің бойыңа қандай сезімдер мен пікірлер оралды?

Жоғарыдағы портреттік шығарманы талдау сұрақтарын пайдаланып, ұсынылған тарихи және мифологиялық портреттерден бір-біреуден талдап, сұхбат дәптеріңе жазып қой.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Портрет сөзінің мағынасы не?
2. Тарихи тұлғалардың портреттерін жасау суретшіден қандай еңбекті талап етеді?
3. Суретші В.Кайдаловтың қылқаламына тән “Науаи” портреті қашан салынған?
4. ХУ және ХХ ғасырларда “Әлішер Науаи” бейнесін сомдаған қандай суретшілерді білесің?
5. Портрет шығармасын ұғыну неше басқыш бойынша жүзеге асырылады?
6. “Алпамыс” мифологиялық портретін қайсы суретші салған?
7. А.Абдуллаев “Әлішер Науаи” портретін жасауға өмірінің неше жылын жұмсады?

Үйге тапсырма:

Сұхбат дәптеріңе тарихи және аңыздың тақырыптарға арналған туындылардың фотоларын тауып, желімдеу. 27-сабақтың тақырыбын оқу.

ТАРИХИ ПОРТРЕТТЕР ЖАСАУ

Қадірлі оқушылар, сендер бұдан бұрынғы сабақта портрет, оның түрлері, тарихи және мифологиялық портреттер жасау бойынша суретшілер қалай ізденіп жатқандығы туралы көп нәрселерді біліп алдыңдар. Бүгінгі тарихи портрет жасау сабағында тарихи образдардың бірі – 1455 жылы Гератта туылып-өскен, ХУ ғасырдағы Шығыс миниатюрасы өнерінің ірі өкілі, миниатюралық суреткер Камолиддин Бехзод портретін өзіне қарап отырып жұмыс істейсің. Тарихи портрет сызу кезінде оқулықты пайдаланыңдар.



109-сурет. Мәлік Набиев. “Әбу Райхан Беруни” портреті.



110-сурет. Рейх. “Камолиддин Бехзод өз шеберханасында”.

Портретке кірісуден бұрын Камолиддин Бехзод портретінің сатылы үлгі кескіндемесінде көрсетеліген сызу сатыларын ден қойып қарап шық. Сызудың тізбектілігін үйреніп алған соң, сол ережелер негізінде Бехзодтың тарихи портретін жаса.

1. Бехзодтың іс жүзіндегі күйі бойынша көмекші түзу сызықты жүргіз.
2. Бастың өлшемін түзу сызық бойына 5 есе етіп орналастыр.
3. Екінші саты өлшемінің ортасынан мойын, иық және қол үшін көмекші сызықтар жүргіз.


4. Бас бөлігі, бас киімі, дене шекарасы, қол жуандығы, қолдағы кітапты шикі түрде жеңіл сызықтармен сызып ал.

5. Портрет жасаудың ережелері негізінде бастың пішінін 3 бөлікке бөліп, көз, қас, мұрын, ерін секілді мүшелерді сызып, орналастыр. Қолдағы қағаз, кітап, киім сынды заттардың шекарасын анығырақ етіп сыз және артқы фондағы қосымша толықтырушы нәрселерді сыз. Сурет дайын болған соң оған түс таңда.

28-практикалық сабақ

Камолиддин Бехзодтың тарихи портретін суретіне қарай отырып жасау

Тарихи портретті зер сала қарап шық. Камолиддин Бехзодтың бет құрылысының қатынасын дұрыс сызу үшін адамның бет әлпетін сызудың ережелеріне негізделген көмекші сызықтар пайдаланылады.



Камолиддин Бехзод портретінің сатылы үлгі кескіні.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Камолиддин Бехзод қашан туылған?
2. Бехзодтың тарихи портретін жасаудың бірінші және екінші сатысында қандай жұмыс орындалады?
3. Көз, қас, мұрын, ерін секілді мүшелерді орналастыру үшін бастың пішіні неше бөлікке бөлінеді?
4. Шала түрдегі жеңіл сызықтармен салу нешінші сатыда жүзеге асырылады?

Үйге тапсырма:

Жай қара қаламмен оқулықтағы тарихи портреттердің біреуін өзіне қарай отырып сызып келу.

МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА ПОРТРЕТ САЛУ 4-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Мифологиялық (аңыздық) жанр – халықтың ауызекі шығармашылығы негізіндегі бейнелеу өнері шығармаларын кескіндейді. Мәселен, дәу, айдаһар, су перісі, үңгір мәликесі секілділер солардың қатарына жатады.

Мифологиялық тақырыптарға арналған шығармалар негізінен түстісурет пен мүсіншілікте қолданылады.



111-сурет. Шомахмуд Мухаммаджонов. “Шайқас”. Лакты миниатюра.



112-сурет. В.М.Васнецов. “Үш батыр”.



113-сурет. Валентин Луговский. “Аңыздық дәу”.



114-сурет. Анатолий Бобров. “Самұрық”.

“Алпамыс”, “Көрұғлы” сынды дастандардағы, сондай-ақ Алауддиннің сиқырлы шамы, Самұрық, Буняд пен Перизат тақылеттес шығармалардың кейіпкерлері аңыздық мифологиялық образдар болып саналады. Осы тақырыпқа қалам тартқан суретшілер жасаған мифологиялық портреттерді бақылаңдар.



29-практикалық сабақ

Суретші В.Кайдалов қаламына тән “Алпамыс” мифологиялық портретін өзіне қарай отырып жасау

В.Кайдаловтың қолынан шыққан мифологиялық портретке зер салып қара.

Портрет жасау ережелерін сақтай отырып, портреттің өзіне қарап сыз.

Адамның басын кескіндеу кезінде аздап жанына қарай бұрылған бетті сызу үшін төмендегі сызу схемаларының қайсысы сәйкес келетінін анықтап ал.



Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Мифологиялық жанрда нелер кескінделеді?
2. “Аңыздық дию” деп аталатын шығарманы қай суретші салған?
3. Суретші Анатолий Бобров салған мифологиялық туынды қалай аталады?
4. В.Кайдаловтың мифологиялық шығармасын білесің бе?

Үйге тапсырма:

“Алпамыс” мифологиялық портретін салып, қорытындылап келу.

ТАРИХИ ТАҚЫРЫПҚА ПОРТРЕТ ЖАСАУ

Қадірлі оқушылар, сендер тарихи портреттер жасау үшін суретшінің қаншалықты күрделі еңбек ететінін, күні-түні тынымсыз ізденетінін, жылдарға созылатын қажыр-қайрат пен күш-жігер жұмсайтынын бұдан бұрынғы сабақтардан жақсы білесіңдер. Суретші жеке бастың портретін жасауға кірісерде суретті түпнұсқаға айнытпай ұқсату үшін барлық қайнаркөзді (көзі мен қасының орналасуы, мұрын, ерін, құлақ, сәуле мен көлеңке, мінез-құлық) портрет иесінің өзіне қарап, оның бет-әлпет құрылысынан алады. Портреті сызылып жатқан тұлғаның бірнеше эскиз варианттары дайындалады. Суретші тарихи портрет жасау үшін сол тарихи образ жөніндегі дереккөздерді қолжазба әдебиеттерден, оның суреттері мен фотоларынан іздейді. Сол мәліметтер негізінде эскиз варианттарын жасайды. 116-суреттегі “Сұлтан Әли Мырза” тарихи портретін суретші Мәлік Набиев асқан шеберлікпен орындаған. Ал 117-суреттегі “Ұлықбек Мырза” тарихи портреті суретші А.Икрамжановтың қылқаламына тиесілі. 118-суреттегі “Пушкин” тарихи портретін суретші Орест Кипренский салған, оның шеберлігіне еріксіз бас иесің.

Бүгінгі сабақта сендер тарихи портретті Өзбекстан және әлем суретшілері жасаған тарихи образдардың суреттеріне қарай отырып жасайсыңдар. Алдымен тарихи образдарға жан-жақты зер салыңдар. Олардың арасынан біреуін тандап алыңдар және портрет жасау ережелері негізінде өзіне қарап отырып суретін салыңдар.



115-сурет. М.Набиев.
“Сұлтан Әли Мырза”



116-сурет.
А.Икрамжанов.
“Ұлықбек Мырза”




117-сурет.
О.Кипренский.
“А.С.Пушкин”

Портрет жасау ережелері


1. Симметрия оқ сызығын сурет дәптеріңе сыз.
2. Қағаздың орталығынан жоғарылау жерге симметрия сызығы үстіне жұмыртқа пішінін сыз.
3. Жұмыртқа пішінін теңдей үш бөлікке бөл.
4. Бірінші сызыққа қас пен құлақтың жоғарғы бөлігін, екінші сызыққа мұрын мен құлақтың төменгі бөлігін орналастыр.
5. Қастың астына көзге арнап қосалқы сызық сыз. Көз енінің өлшемі беттің еніне қарағанда 5 есе етіп орналастыр.
6. Мұрын мен кеңсірік арасындағы қашықтық орталығынан аздап жоғарылау жерге ерін орта сызығын сыз.
7. Симметрия сызығына қойылған екінші бас өлшемінің горизонталь сызығын бойлап ортаға иық орналасады.
8. Қас, көз, құлақ, мұрын, ерін секілді мүшелерді сыз, сосын бас киім, көйлек және басқа бөліктерді кескінде. Сызу үдерісінде салынып жатқан портретті оқулықтағы тарихи портретпен салыстырып тұр.

30–31-практикалық сабақ


Суретті жеңіл сызықтар арқылы солғын түспен сыз




Симметрия сызығын солғындау түспен сыз, сызықтың жоғары жағында үлкендеу және төмен жағында кішілеу орын қалдыр. Үлкен орыннан кіші орынға дейінгі аралықты теңдей үш бөлікке бөліп, нүктемен белгіле.



Екі доғаны бірлестіріп, жұмыртқа пішінін жаса. Пішінді қосалқы сызықпен тең үш бөлікке бөл. Сосын мойын бөлігін сыз. Құлақтың жоғарғы және төменгі бөлігін бірінші және екінші қосалқы сызық ішінде белгілеу: құлақтың төменгі бөлігінің көмегімен сызықтың ортасында мұрынға арналған нүктелер белгілеу.




Бірінші сызықта қас пен құлақтың жоғарғы бөлігі, екінші сызықта құлақ пен мұрынның төменгі бөлігі сызылады. Қас пен мұрынға дейінгі және мұрыннан кеңсірікке дейінгі аралықты теңдей екі бөлікке бөлетін қосалқы сызық сыз.



Бастың жоғарғы шекара сызығын қас пен мұрын аралығының жарты өлшемінде белгілеп, нүкте қой.

Қас пен мұрын аралығы өлшемінің тең жартысын тағы тең екіге бөліп, көзді сызу үшін қосалқы сызық сал және көзді кескіндеу үшін нүкте белгіле. Нақ осылайша мұрын мен кеңсірік аралығы өлшемінің тең жартысын тағы екіге бөліп, ерінге арналған қосалқы сызық сыз.



Белгіленген нүктелерге көз бен ерінді сызып орналастыр. Бастың жоғарғы бөлігінің шекара сызығын біріктіріп қой.



Соңғы сатыда сызылуға тиісті тарихи портреттің суретіне қарап, қас, көз, мұрын, ерін, бас киім немесе шаш пен сақал секілді бөліктерін көшіріп сызып, соңғы схемаға орналастыр.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Суретші жеке бастың портретін сызуға қажетті деректерді қайдан алады?
2. Тарихи портрет сызу үшін суретші қажетті деректерді қайдан іздейді?
3. “Сұлтан Әли Мырза” тарихи портретін қайсы суретші салған?

Үйге тапсырма:

Оқулықтан көшіріп салынып жатқан портретті аяқтап келу.

ОЙДАН ТАҚЫРЫПТЫҚ НАТЮРМОРТ ЖАСАУ

Қадірлі оқушылар, сендер өткен сабақта натюрморт жасау және натюрморт композициясын құру ісінде нендей нәрселерге көңіл бөлу керектігін біліп алдыңдар. Сонымен қатар суретшілер жасаған натюрморт композицияларын талдауды да үйрендіңдер. Бүгінгі сабағымызда ойдан тақырыптық натюрморт жасауды үйренеміз. Сендер берілген тақырыптардың арасынан біреуінің ойдан алынған натюрморттық композициясын жасап, дайындауға тиіссіңдер.

Бірінші кезекте үлгі тақырыптармен танысып алыңдар.

Тақырыптардың арасынан біреуін тандап, тақырып негізінде ойша эскиздер сызыңдар. Эскиздерді қорытып, ойдан алынған тақырыптық натюрмортты жасандар. Оны ойдан алып құру кезінде бұрын үйренген білімдеріңе сүйеніңдер:

- заттардың суретін салғанда симметрия сызығын пайдалану;
- кескінделетін заттар мен нәрселер кеңістік күйін көрсетуі үшін оларды көкжиек сызығынан төменірек сызу;
- ірі бұйымдар мен нәрселерді артқа таман, ал шағындау нәрселерді алға таман кескіндеу;
- қою түсті бұйымдар мен нәрселерді солғындау түспен, ал солғын түстегі нәрселерді ашық түспен кескіндеу;
- натюрморттағы алдыңғы планда үстел үстін көрсету;
- натюрмортты 3-4 бұйымнан немесе заттан құрастыру;
- натюрморттағы бұйымдар көлемін көрсету үшін сәуле мен көлеңкені пайдалану.

Үлгі тақырыптар:

1. Жемістер мен көкөністерден жасалған натюрморт.
2. Оқу құралдарынан жасалған натюрморт.
3. Спорт жабдықтарынан жасалған натюрморт.
4. Асхана бұйымдарынан жасалған натюрморт.
5. Вазадағы гүлдестеден жасалған натюрморт.

6. Геометриялық пішіндерден жасалған натюрморт.
7. Ұлттық ыдыс-аяқтардан жасалған натюрморт.

32-amaliy mashg'ulot Xotiradan mavzuli natyurmort ishlash



жорамал эскиз варианты жорамал эскиз варианты жорамал эскиз варианты

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Бұйымдардың кеңістіктегі күйін көрсету үшін не істеу керек?
2. Натюрморт жасағанда ірі және шағын бұйымдар қалай орналастырылады?
3. Натюрморттағы бұйымдар фоны қалай таңдалады?
4. Натюрморттағы бұйымдар көлемі қалай көрсетіледі?

Үйге тапсырма:

Басқа тақырып бойынша ойдан алынған натюрморт композициясын жай қара қаламмен сызып келу.

МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА СЮЖЕТТІ КАРТИНА ЖАСАУ

Қадірлі оқушылар, сендер өткен тоқсанда әдеби шығарма сюжеті негізінде, көктемгі жұмыстар тақырыбы бойынша сюжетті композициялар эскиздерін жасадыңдар. Ал 4-бақылау жұмысынан бұрынғы сабақта тарихи тақырыпқа сюжетті картина композициясын жасауды үйрендіңдер. Енді бүгінгі сабақта аңыздық тақырып бойынша сюжетті картина композициясын жасауды үйреніп аласыңдар. Мифологиялық тақырыпқа арналған сюжетті картиналарда дию-перілер, ай-

даһарлар, су перілері, қар мәлікесі сияқтылар бейнеленеді. Сонымен қатар халық ауызекі шығармашылығы негізіндегі дастан-жырларда Алпамыс, Көрұғлы секілді образдар сомдалады.

Суретшілердің қолынан шыққан мифологиялық шығармаларды қарастырып көрейік. Олардағы аңыздық оқиғалар мен образдардан суретші жасаған композицияны талдаңдар. Суретшінің идеясы мен пікірін зерттеңдер.

33-практикалық сабақ

Өзің білетін аңыздық шығармалар тақырыбын таңда.

Тақырып негізінде аңыздық образ бен оқиға суреттелген сюжеттердің жорамал эскиздерін жаса. Мәселен, Самұрық, Буняд пен Перизат аңызына арнап сюжет таңдауыңа болады. Сюжетте аңыздық образдардың іс-әрекетін енгіземіз. Буняд пен диюдің айқасы болашақ картинамыз үшін бір сюжет бола алады.



118-сурет. Павел Воронкин.
Нодираның өлеңдер кітабына иллюстрациялар.

Қайталауға арналған сұрақтар:

1. Мифологиялық шығармаларда нелер кескінделеді?
2. Өзбек халық ертегісіне мифологиялық тақырыптағы графикалық туындыны қайсы суретші жасаған?

Үйге тапсырма:


Мифологиялық тақырыпқа жасалған сюжетті картинаны аяқтап келу.

МЕНИҢ ӨНЕРІМ ҚҰРДАСТАРЫМНЫҢ КӨЗІМЕН (ҚОРЫТЫНДЫ САБАҚ)

Оқушылардың бейнелеу өнері пәніне деген қызығуларын арттыруда, олардың шығармашылық ізденістерін ынталандыруда, оқушылар меңгерген білім, дағды, біңліктерді нығайтуда қорытынды сабақ үдерісінде ұйымдастырылатын көрмелердің маңызы орасан зор.


Оқушылар қолынан шыққан жұмыстардың көрмесін ұйымдастырудың бірнеше түрлері бар:

1. Оқушылардың сабақ үдерісінде орындаған ең үздік жұмыстары бойынша жалпы іріктелген суреттер көрмесі;
2. Мектептегі бейнелеу өнері үйірмесіне қатысқан бірнеше дарынды оқушының жұмыстарынан құралған суреттер коллекциясы;



3. Мектеп көлемінде бейнелеу өнерінен тақырыптық конкурс жарияланып, конкурсқа қатысқан үлгілі суреттерден құралған көрмелер.

Оқушы жұмыстарынан құралған көрмелерді сан түрлі стендтер пішінінде немесе стендсіз қабырғаға іліп, орналастыруға болады. Оқушылардың қолынан шыққан суреттер А-4 өлшемінде сызылған болса, оларды стенд пішінінде орналастырған орынды. Егер мектептегі дарынды оқушылар қаламынан туған сурет А-2 өлшемінде болса, ірі өлшемдегі суретті ағаштан немесе картоннан жасалған рамкаға (багетке) орнатып, қабырғаның өзіне іліп қою керек. Оқушылардың жыл бойы орындаған жұмыстарын көрмеге дайындау үшін ең алдымен сурет дәптердегі әрбір іс жеке қаралады. Қағазқа жақ-



сы орналастырылған, боялған жұмыстар іріктеліп алынады. Суреттің бүйір жағынан ені 1 см жиек сызылады. Іріктелген жұмыстардың әрқайсысының төрт жағына ақ қағаздан ені 2 см етіп қиылған жиек желімденеді.

Жиегі желімденген суреттің көлемі үлкендеу болып көрінеді, сондай-ақ эстетикалық тұрғыдан суретті әсем етіп көрсетеді.

Стенд суреттерін орналастырғанда суреттің түстеріне назар аударылады. Ашық түспен боялған сурет көрме стендінің жоғарғы бөлігіне, қою түстер гаммасы қолданылған суреттер төменгі бөлігіне орналастырылады. Әрбір суреттің төменгі оң жақ бұрышына суреттің тақырыбы және оқушының аты-жөні жазылады.

Оқытушы жазу тақтасына стендтің жорамал эскизін сызады. Тақырыбын жазып, оқушылар дайындаған жұмыстарды жинап, скотчтің көмегімен жазу тақтасына стендтің эскизін жасайды.

Оқушылар көрме стендін тамашалап, өз құрбы-құрдастарының шығармашылығымен танысады. Одан алынған әсерлер оқушыларды жаңа шығармашылық ізденістерге шабыттандырады.

Қадірлі оқушылар, сендер 6-сыныпта бейнелеу өнерінен өнертанудың негіздерін, натураға қарап кескіндеуді, композициялық қызметбағыттары бойынша көптеген тақырыптарды үйреніп, меңгеріп алдыңдар. Барлық тоқсандардың өз негізгі тақырыптары болады. Мәселен, I тоқсанда “Орта ғасырлар өнері”, II тоқсанда “Шығыс миниатюра өнері”, III тоқсанда “Стендік түсті сурет”, IV тоқсанда “Бейнелеу өнеріндегі сюжетті картиналар” тақырыптары бойынша өнер сырларымен таныстыңдар. Көрмеге алынған жұмыстарыңнан 6-сыныптың міндеттері мен тапсырмаларын қаншалықты ұтымды меңгергендіктеріңді білуге болады. Сендер 7-сыныпта осы күнге дейін алған білімдеріңді одан әрі байытып, I тоқсанда “Өнердегі ағымдар мен бағыттар”, II тоқсанда “Қолданбалы безек және дизайн өнері”, III тоқсанда “Сәулеткерлік өнері”, IV тоқсанда “Кітапшылық өнері” рәуіштес негізгі тақырыптар бойынша жаңа білімдер мен біліктерді иелейсіңдер.

MAZMUNY

So‘zboshi.....	3
----------------	---

I CHORAK

Орта ғасырлар өнеріндегі ағымдар мен бағыттар	5
Қытай мен Жапония суретшілерінің технологиялық әдістері, дымқыл қағазға композиция(пейзаж, ағаш бұтағы, гүл және басқалар) жасау.....	13
Қозғалыстағы адамның, спортшының тұлғасын графикалық әдіспен және мүсіншілік әдіспен жасау	19
Оқытушылар мен тәлімгерлеро күніне арналған құттықтау жасау.	22
Түсбейне яки графика әдісімен 2–3 фигуралы тақырыптық композиция жасау	26
Мүсіншіліктегі лирика және драматизм, 2–3 фигуралы тақырыптық композиция жасау (спорт, өнер)	29
Mayda plastika haykaltaroshligi.....	32

II CHORAK

Sharq miniatyura san’atiniñ.....	35
Sharq miniatyura san’ati asarlari namunalarining elementlaridan nusxa ko‘chirish (daraxt, suv, tog‘, tosh).....	46
O‘zbek xalq ertaklari sujetlari asosida miniatyura usulida illyustratsiya ishlash.....	51
Sharq mumtoz adabiyoti sujetlari asosida miniatyura usulida mustaqil kompozitsiya ishlash.....	54
Miniatyura ishlash uchun qutilar tayyorlash va kompozitsiya ishlash.....	55